**Коммунизм туы 1975 г.**

1. В районной библиотеке села Никитинка с каждым днем всё радостнее, 14 февраля



...АН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
...СКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
...ІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
...ОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖҰМА, 14 февраль 1975 жыл



...те арылып, дүниені ғылыми тұрғыдан тануға баса көңіл бөлді. 1871 және 1897 жылдары ол өз қаржысымен стол календарын шығарды. Оның ор парақтарында діни әдет-ғұрыптар жайында, сауда-саттық мәселелері жөнінде және ғылым туралы көптеген деректер енгізілді. Әсіресе, астрономия, физика, медицина, гигиена жөніндегі мағлұ... мен тіл-әдебиеті жайында да талай қызықты деректер аз емес.

Татар халқының даңқты перзентінің есімі тек өз елінде ғана емес, басқа да жерлерге кеңінен мәлім болған адам. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік білген. Каюм Насыридің еңбегін орыс ғалымдары да жоғары бағалады. 1880 жылы Петербургте орыс тілінде шыққан оның ... ның мәдениеті... зор үлес қосты.

Каюм Насыри 1902 жылы 77 жасында қайтыс болды. Оның артында қырықтан аса ғылыми, және әдеби еңбектер қалды. Бүгін прогресшіл адамзат Каюм Насыриді құрметпен еске түсіреді. Оның еңбектері ғасырлар бойы жасай бермек.

(АПН).

Никитинка селосындағы аудандық кітапхана іші күн сайын көңілді. Мұнда 20 мың саяси, техникалық және көркем әдебиеттер бар.

СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) кітапханашы Бақыт **Сағындықова** мен методист Бақытжан **Құсайынова** кітаптарды іріктеуде.

Суретті түсірген **Қ. Бердин.**

## КҮНДЕЛІК ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

**Жастық-ай адамды арманшыл, ойлы етken,**
**Жастық-ай тілі жоқ жүректі сөйлеткен?!**
**Бар сезген-білгенін басқадан бүксе де,**
**Күнделік досынан бүкпеді бойжеткен.**

**Сұр дәптер бар жүкті көтерді қосыла,**
**Шынайы ұғысу, адалдық осы да!**
**Бойжеткен кей жанға өтірік айтқанмен,**
**Өтірік айтпады күнделік-досына,**

**Жоғалған сынды еді сенім мен күллі**

2. Это была хорошая мысль, 20 февраля


СТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
ШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

БЕЙСЕНБІ, 20 февраль 1975 жыл.

ЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

етінің „Озат шопандардың 197

кіштерге жету жолынд


Суреттi түсiрген

БАЛА ТӘРБИЕСІ—БАРШАҒА ОРТАҚ

# КӨҢІЛДЕ ЖҮРГЕН ОЙ ЕДІ

Ғ. РАХМЕТОВА

Өскемен.

Редактор О. КАЙСАНО

КИНО

3. В детской библиотеке, 27 февраля

ҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
ШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

БЕЙСЕНБІ, 27 февраль 1975 жыл.

ЫТЫНДЫЛ

# БАЛАЛАР ҚІТАПХАНАСЫНДА

Зайсан қаласындағы балалар кітапханасының қызметкерлері ауыл-село кітапханаларымен тығыз байланыс жасап отырады. Оларға жаңа кітаптар іріктеуге, каталогтар мен картотекалар жасауға көмектеседі. Жылына 3—4 рет кітапханашылардың семинарын өткізеді. Мәселен, жуықта ауыл-селолардағы рухани азық отауы қызметкерлерінің екі күндік семинары болып өтті. Кітапханашылар өзара тәжірибе алмасты.

Бұл күндері кітапханада Ұлы Жеңістің 30 жылдығы құрметіне арналып, түрлі шаралар жиі-жиі ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, «Жеңіске салют» деген тақырыпта кітап көрмесі жабдықталды. Ал, жуықта қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлова жайлы жазылған «Шығыс шынары» атты кітап бойынша оқушылар конференциясы өткізілмекші.

Кітапхана меңгерушісі болып Ф. Емелбаева істейді. Ол кісі бұл салада жиырма жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп келеді. Кітапханашы З. Тетерина, Х. Тұрдығұлова, З. Рахимовалар да өз істерін жетік меңгерген тәжірибелі мамандар.

**М. ҚУАНЫШЕВА.**

Зайсан.

Бүгін «Рудный Алтай» газетінде

4. Завтра – всемирный женский день, 7 марта


...САН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
...СКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТ...
...ІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТ...
...ОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖҰМА, 7 март 1975 жыл.


...ПАВЛОДАР ТРА...

...ТҮЫ


...Н КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
...КЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
...ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
...ВЕТІНІҢ ОРГАНЫ



ОРГАН ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО, УСТЬ-КАМЕНОГОРСКОГО ГОРОДСКОГО КОМИТЕТОВ КП КАЗАХСТАНА И ОБЛАСТНОГО СОВЕТА ДЕПУТАТОВ ТРУДЯЩИХСЯ


ЖҰМА, 7 март 1975 жыл.

Бағасы 2 тиын.

## ...ПАВЛОДАР ТРАКТОР ...А, ИНЖЕНЕР-ТЕХНИК ...ІЗМЕТШІЛЕРІНЕ, ...СОМОЛ ҮЙЫМДАРЫНА

...ды. Осының бәрі бесжылдықтың ...нан бері трактор шығаруды 3,6 ...арттыруға мүмкіндік берді.

...водка біздің партиямыз бен ...екетіміздің негізін қалаушы ...димир Ильич Ленин есімі бері... ...іздердің еңбектеріңізді зор ба... ...ғандық болып табылады.

...закстан Компартиясының Ор... ...к Комитеті сіздердің, қымбатты ...астар, Ұлы Отанымыздың игі... ...шін жаңа табыстарға жете бе... ...ріңізге тілектестік білдіреді жә... ...дің коллектив 1975 жылдың ...арын ойдағыдай орындау жо... ...ағы социалистік жарысты одан ...рістете отырып, бесжылдықтың ...тындылаушы жылын жаңа ең... ...абыстарымен атап өтеді деп кә... ...нім білдіреді.

...Қ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

## Ертең—халықаралық әйелдер күні



Совет және Күлсағат Әбікеновтар — Күршім ауданы «Қалғұтты» совхозының озат шопандары. Олар жыл сайын табыс биігінен көрініп келеді. Тәжірибелі шопандар өткен жылы қарамағындағы әр жүз саулықтан 130 қозы алып, аман өсірді. Бұл аудан бойынша жоғары көрсеткіш. Сонымен қатар Күлсағат қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Ол облыстық Советтің депутаты.

СУРЕТТЕ: Күлсағат Әбікенова.
Суретті түсірген А. Праксин.

ЖАРЫСТАС СМЕНАЛАРДЫ...

# БЕРЕКЕЛІ ЕҢБЕК...

5. Районный центр Маркаколь к девятой пятилетке ввел в эксплуатацию новую больницу на 140 мест, 9 апреля

ДЕР!

№ 70-71 (9546).

СӘРСЕНБІ

9

АПРЕЛЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 3 тиын

...жайының қолайлы болуын да естен шығармау керек.

Қой мамандарының ескертетініндей, алғаш қоздайтын тұ-...

Мұхтар СЕГІЗБАЕВ,
«Коммунизм туының» штаттан тыс тілшісі.



Тоғызыншы бесжылдықта Марқакөл ауданының орталығында 140 төсектік жаңа аурухана үйі пайдалануға берілді. Оның барлық кабинеттері соңғы медициналық құрал - жабдықтармен жабдықталған.

Бұл күндері аурухана қызметкерлері алыстағы мал қыстақтары мен фермаларында тұратын малшылар семьясына қалтқысыз қызмет көрсетуде.

СУРЕТТЕ: «Жедел жәрдем» машинасы «Марқакөл» совхозының шалғайдағы мал қыстақтарының біріне келді. Терапевт **Ж. Бижігітов** пен акушер-гинеколог **Б. Қожахметов** осы шаруашылықтың озат шопаны Кекубаевтың семьясын медициналық байқаудан өткізуде.

Суретті түсірген **В. Павлунин.**

## Бүгін «Рудный Алтай» газетінде

6. Чабаны, 9 апреля



ДЕР!

№ 70-71 (9546).

СӘРСЕНБІ

9

АПРЕЛЬ

1975 жыл

Бағасы 3 тиын



ӨЛЕҢ-ОЧЕРК

# ШОПАНДАР

КҮРШІМ АУДАНЫ «ҚАЛҒҰТТЫ» ҚОЙ СОВХОЗЫНЫҢ АҒА ШОПАНЫ КЕҢЕС БАЙМҰХАМЕТОВ ТОҒЫЗЫНШЫ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛЫП ОТЫР. ОЛ БҮКІЛОДАҚТЫҚ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫҢ ОЗАТЫ, ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІНІҢ КАВАЛЕРІ БОЛСА;

ЗАЙЫБЫ ГҮЛЗАДА БАЙМҰХАМЕТОВА ДА ШОПАНДЫҚ МАМАНДЫҒЫН МЕҢГЕРГЕН ЖАН. ОЛ ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ — ДЕПУТАТ. ШОПАН КЕЛІНШЕКТІҢ КЕУДЕСІНДЕ ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІ МЕН «АНА ДАҢҚЫ» МЕДАЛІ ҚАТАР ЖАРҚЫРАЙДЫ. ЕҢБЕКТЕ ОЗАТ, СЕМЬЯДА АНА ГҮЛЗАДАНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕ ЖЕТІ БАЛА БАР.

БҰЛ ӨЛЕҢ-ОЧЕРК ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТЕРІМЕН ҰЛЫ ІСКЕ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ ШОПАНДАРҒА АРНАЛАДЫ.

I

Таң тамаша атығын құбалаңып,
Көкжиектен көлінді нұр ағарып.
Керімсалдай қыстың кей
мінезіне
Таңданасың тамсанып тұра
қалып.

Таңғажайып шәйідей шұғыласы,
Ақ күмістей Алтайдың шыңды
басы.
Көріктенін, көркейіп тұрады бір
Дүниенің дөңгелек құбыласы.

Таңғажайып қысқы таң
ағарғаны,
Жарқылдайды-ау алтын күн
жапарлары.
Құс жолындай ұзарып бара
жатыр,

...қыны, қарбаласы,
Қымдыққа шыдайды жан
баласы.
Көз алдымда көсіліп жатыр,
міне,
Қар жамылған қазақтың бар
даласы.

Жылытаудың етегі жайлы ма
екен?
Шалер қыстақ әйтеуір сайлы
мекен,
Гүлзада мен Кеңесті қара күзде
көріп едім,
Япырмау, қай күн екен?!

Жатпағаның біләмін бұлақ
күйін,
Жалғы әуен жоқ тыңдайтын
құлақ түрін.

...

Гүлзада қысылғанда
Шынардың да
шырылына кей сәтте қарамаған.

Қарамайын демейді-ау,
қаратпайды,
Қасапшыдай нәрі қыс
жалақтайды.
Ішін тартып кей кезде тұра
қалса,
Ондайды да шопандар
жаратпайды.

Болған емес оның еш кешірімі,
Бұлаңтайды бораны — есірігі!
Тарс жауып,
қымтанып отырсаң да,
Бір тырнамай кетпейді-ау
есігіңді...

III.

Тау әкі бұл...

...жарлығына.
Ашуын алай-түлей төгіп жатыр,
Әлде бір қаһарының
қалдығы ма?!

Шопан бе үйде отырып, күйін
күткен,
Біледі ол күресуді қиындықпен.
Ежелгі жолдасы оның ерен
ерлік,
Керек емес мақтауың, сыйың
тіптен.

Қай қасиет адамды төзімді
еткен?
Елемейді қайсарлық жолінді
өктем.
Қиындықпен алысқан
шопандарға
Көрші совхоз көмекке келіп
жеткен.

7. Лучшая доярка С. Кудырышева, 16 апреля



№ 76 (9551).

СӘРСЕНБІ

16

АПРЕЛЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын



*...і еңбекпен өрістете түсуде*

Бұрынғы бұзау күтуші Сақыш Құдырышева бұл күндері «Қаба» совхозының озат сауыншылары қатарынан саналады. Ол сүт өнімін молайтуға жыл сайын үлкен үлес қосып келеді. Ауа райы қолайсыз болған өткен жылда да Сақыш өз тобындағы әр сауын сиырдан екі мың килограмнан сүт сауды. Бұл шаруашылықтағы ең жоғары көрсеткіш еді. Тәжірибелі сауыншы өзінің көпжылдық жемісті еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. 1 Май мерекесі құрметіне еңбек вахтасына тұрған ол мал өнімділігін арттыруда аянбай еңбек етуде.

СУРЕТТЕ: озат сауыншы **С. Құдырышева.**

Суретті түсірген **А. Праксин.**

8. Урок труда в 7 классе, 18 апреля



ҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТ
ҚШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖҰМА, 18 апрель 1975 жыл



...Глубокое, Зырян, Большенарым, Күршім аудандарындағы пункттердің жұмыстары мақтауға тұрарлық. Мәселен, Зырян ауданы «Чапаев» селолық Советіндегі мастерской бұрын халыққа 7,8 мың

...тық қызметтің барлық түрлерімен қамтуға мүмкіндік туады.

**Г. АНТИПИН,**
**облыстық тұрмыстық қызмет көрсету басқармасы жоспарлау - экономикалық бөлімінің бастығы.**

шеберханасы мен автопарктің төңірегін көріктендіреді. Ал шеберхана жөндеушілері бұл күні жұмыс орнында еңбек етеді.

**Б. САЛЫҚБАЕВ.**
Марқакол ауданы.

Тарбағатай ауданы «Ұласты» совхозындағы В. И. Ленин атындағы орта мектептің мұғалімі Нұрахметов Қабдеш тәжірибелі ұстаз ретінде көпшілік құрметіне бөленуде. Ол еңбек сабағынан береді. Қазіргі техника жетістіктері кең талданып, әр сабақ тартымды өтуде.

СУРЕТТЕ: 7-а класындағы еңбек сабағы.

Суретті түсірген **Н. Ысқақов.**

**Могилев облысы.** Белоруссияда айырықша рецепт бойынша қайың шырынынан жасалатын сусынды «Березо-...

## АНЫҚТАМА БӨЛІМ...

### ДӘРІГЕРДІҢ ЕСІНЕ!

Облыс аптектеріне пайдалы дәрілік препараттары түсті.

**Карболен** таблеткасын диспепция, метеоризм болған жағдайда күніне екі-үш таблеткадан үш-төрт уақыт ішуге болады.

**Дипрофенді** асқазан, ішек, бронха спазмалары болған жағдайда пайдалануға болады. Емделу мерзімі 15—20 күн. Күніне 0.025-0.05 грамнан екі-үш уақыт ішуге болады. Бұл дәрі бойға өте сіңімді.

...ауыстыруға тиісінше әсе... етіп, өт секрециясы мен а... қазан сөлін арттыруға көме... теседі. Оны 0.25-0.5 грамна... күніне үш-төрт рет 1—2 та... леткадан ішуге болады.

**Сустак** — арнаулы нитр... глицерин түрінде сатылады... Бұл препарат жүрек аурула... ры басталған кезде пайдала... нылады. Оны күніне бір та... леткадан екі уақыт ішуге б... лады. Бұл дәріні қандай жа... дайда да екі таблеткадан а... тық ішуге болмайды.

9. Защитим труд женщин, 18 апреля



…СТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
…, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТ…
…ШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТ…
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖҰМА, 18 апрель 1975 жыл.



◆ БІЗДІҢ КОНСУЛЬТАЦИЯ

# ӘЙЕЛДЕР ЕҢБЕГІН ҚОРҒАЙЫҚ

Біздің елімізде коммунистік құрылыс міндеттерінің ойдағыдай жүзеге асуы әйелдердің қоғамдық-саяси, мәдени және шаруашылық өміріміздің барлық саласына белсене қатысуымен тығыз байланысты. Халық шаруашылығы салаларында еңбек ететін жұмысшылар мен қызметшілердің тең жартысынан астамы әйелдер мен қыздар болып отырғаны қуанарлық жай. Мұның өзі әйелдердің қоғамдық өндірісті ілгері дамытуға белсене қатысып жүргендігін дәлелдейді.

Одақтас республикалардың еңбек қорғау туралы заңдар кодексі мен еңбек заңында әйелдер еңбегін қорғаудың барлық шаралары қамтылған. Оларда әйелдердің қоғамдық жұмыс кезіндегі және ана ретіндегі ролі жан-жақты ескерілген. Атап айтқанда, оларды жер астындағы немесе басқа да өте ауыр жұмыстарға жіберуге болмайды. Ерекше қажеттілікке байланысты уақытша болмаса, түнгі жұмыстардан да босатылуы керек. Бұл жерде екіқабат немесе бір жасқа дейінгі баласы бар аналардың түнгі жұмысқа, командировкаға жіберілуіне, демалыс күндері еңбек етуіне рұқсат етілмейді. Сондай-ақ бір жастан сегіз жасқа дейін баласы бар әйелдерді де мерзімінен тыс жұмысқа немесе командировкаға жіберуге (келісімі болмаса) тыйым салынады. 12 жасқа дейінгі балалы немесе екіқабат әйелді кезекшілікке қосу да дұрыс емес. Дәрігердің қорытындысы бойынша екіқабат әйелді бұрынғы жұмысында алған еңбекақысымен жеңіл жұмысқа аударуға болады. Бұл тәртіпті бір жасқа дейінгі баласы бар әйелдерге де қолдануға болады.

Еңбек туралы заңдар негізінің 71 статьясына сәйкес екіқабат әйелдер босанғанға дейін және одан кейін елу алты күннен кезекті демалыс алады. Егер екі немесе одан да көп балаға босанса мемлекеттік-әлеуметтік қамсыздандыру есебінен 70 күнге ақшасы сақталатын қосымша демалыс беріледі. Еңбек стажы мен кәсіподақтың мүшелік жарнасына байланыссыз екіқабат және босанған әйелдерге толық мөлшерде еңбекақы төленіп, жәрдем жасалады. Ал, кезекті демалысын өзі қалаған кезде пайдалана алады. Екіқабат әйелдерге берілетін кезекті демалыс олардың жұмыс орнында істеген мерзіміне байланысты емес.

Сол сияқты еңбек туралы заңдар кодексі мен негізінде әйелдерге басқа да жеңілдіктер бар. Мәселен, кодекстің 161 статьясына сәйкес екіқабат әйел өз өтініші бойынша баласы бір жасқа толғанға дейін кезегінен тыс қосымша демалыс алады. Бұл мерзімде оның жұмыс орны сақталады, ал кезектен тыс алған демалыс уақытына еңбекақы төленбейді. Қосымша демалыс жалпы, үздіксіз және мамандық стаждарына қосылады.

Босанған ана нәрестенің дұрыс өсіп жетілуіне мыгаты. Еңбек туралы заңдар кодексінде бұл жай 163 статьяда қатаң ескеріледі. Ол бойынша ана әр үш сағат сайын жұмысынан босап, баласын емізіп тұруға тиіс. Бұған отыз минутқа дейін уақытын бөлуі керек. Егер, омыраудағы баласы екі немесе одан да көп болса, олардың қамқорлығына бір сағатқа дейін уақытын бөлуіне болады. Бұл үзілістер жұмыс уақытына қосылып, айлық орташа еңбекақыға есептеледі.

Қазақ ССР қылмысты істер кодексінің 127 статьясына орай жүкті немесе емшекте баласы бар әйелдерді жұмысқа алудан бас тарт қ а н, яки себепсіз жұмыстан шығарған әкімшілік орындарының басшылары тиісті жауап береді. Демек, әкімшілік орындары бір жасқа дейін баласы бар және жүкті әйелдерді әртүрлі себептермен жұмыстан босатуға жол бермеу керек.

**В. ЧЕРКАСОВ,**
**облыстық юстиция бөлімінің аға консультанты.**

Тарбағатай ауданы «Ұласты» совхозындағы В. И. Ленин атындағы орта мектептің мұғалімі Нұрахметов Кабдеш тәжірибелі ұстаз ретінде көпшілік құрметіне бөленуде. Ол еңбек сабағынан береді. Қазіргі техника жетістіктері кең талданып, әр сабақ тартымды өтуде.

СУРЕТТЕ: 7-а класындағы еңбек сабағы.

Суретті түсірген
**Н. Ысқақов.**

**Могилев облысы.** Белоруссияда айырықша рецепт бойынша қайың шырынынан жасалатын сусынды «Березовик» деп атайды. Бұл шырын өте дәмді және сусынды жақсы қандырады. Оны ерте көктемде арнаулы учаскелерде республиканың орман шаруашылықтары әзірлейді.

СУРЕТТЕ: «Веснянка» халық ансамблінің бишілері **Тамара Мищульская** мен **Юрий Шерстодутовка** осы сусын өте ұнайды.

Суретті түсірген
**Н. Желудович.**
ТАСС.

10. Идут впереди, 7 мая



ҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТ
ҢШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СӘРСЕНБІ, 7 май 1975 жыл.



# АЛДА КЕЛЕДІ

«Ұлы Жеңістің 30 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алайық!» ұранымен жарысқа қосылған Зырян қорғасын комбинаты КПСС XXII съезі атындағы рудниктің коллективі ай сайын жоғары өндірістік көрсеткіштерге ие болуда.

Кеншілер өнім өткізудің тоқсандық жоспарын 109,9, еңбек өнімділігін — 108,8 процент орындады. Бұл істе В. Мацаков басқаратын үшінші учаске мен Н. Дударевтің сменасы коллективтері ерекше көзге түсті. Ал, жекелей еңбеккерлер арасындағы жарыста слесарь Н. Фефелев, бекітуші В. Игнатенко алда келеді.

Рудник кеншілері КПСС XXV съезін лайықты табыстармен қарсы алу үшін қарқындарын үдете түсуде.

Өскемен мебель фабрикасының өңдеушілер коллективі Ұлы Жеңіс құрметіне қарқынды еңбек етіп, жоспарларын асыра орындауда. Әр смена сайын озат жұмысшылар тапсырмаларын 130 процент орындап жүр.

СУРЕТТЕ: озат жұмысшылар **Надежда Антроповна Евсеева** мен **Галина Сергеевна Толстая** (оң жақта).

Суретті түсірген А. Праксин.

11. Провели качественно, 24 мая


№ 105 (9580).

СЕНБІ

24

МАЙ

1975 жыл

Бағасы 2 тиын

ОРГАН ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО, УСТЬ-КАМЕНОГОРСКОГО ГОРОДСКОГО КОМИТЕТОВ КП КАЗАХСТАНА И ОБЛАСТНОГО СОВЕТА ДЕПУТАТОВ ТРУДЯЩИХСЯ

1975 жыл

Бағасы 2 тиын


Марқакөл ауданының шопандары тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылында жоғары қарқынмен еңбек етуде. Олардың қатарында озат шопандар көптеп саналады. Солардың бірі — «Қалжыр» совхозының аға шопаны Қанапия Атантаева.

Жуықта Қанапияны КПСС мүшелігіне кандидат етіп қабылдады. Сондай-ақ ол облыстық Советтің депутаты.



СУРЕТТЕ: Қ. Атантаева.

Суретті түсірген А. Праксин.

## САПАЛЫ АТҚАРЫЛДЫ

«Көктемнің бір күні — жылға азық». Осыны жақсы түсінген «Қаратал» (Зайсан ауданы) совхозының механизаторлары ылғал жабу, жер өңдеу, тұқым себу жұмыстарын ұштастыра жүргізіп, науқанды қысқа мерзімде аяқтап шықты. Совхозда 4600 гектар жерге дәнді дақыл себілді. Қай істе болмасын Қ. Қалиев, Н. Усанов, Р. Нұржанов сияқты механизаторлар социалистік жарыстың алдыңғы сапында болды.

М. ТӨКЕШЕВА.

Зайсан ауданы.

ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ—МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

...СЫЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

12. Почетное звание, 24 мая

№ 105 (9580).

СЕНБІ

24

МАЙ

1975 жыл

Бағасы 2 тиын

...қала шаруашылығы бөлімі ... Орталық Комитетінің құрылыс материалдары секторының меңгерушісі К. Османов қатысуда. ... сөз сөйледі. өнеркәсіптік құрылыс

Кеңес жұмысын аяқтады.

## ҚҰРМЕТТІ АТАҚ

Денсаулық сақтау саласындағы сіңірген еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Зайсан аудандық ауруханаының дәрігері Бақтыбаева Қазима Ихсанқызына, Өскемен қаласындағы № 1 балалар ауруханасының дәрігері Колесникова Евгения Игнатьевнаға, Глубокое ауданы Белоусовка медициналық санитарлық бөлім емханасының меңгерушісі Панковская Зинаида Сергеевнаға Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер деген Құрметті атақ берді.

(ҚазТАГ).

13. 1 июня – Всемирный день защиты детей, 31 мая



ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
БЛЫСТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕ
ЕН ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕНБІ, 31 май 1975 жыл.

Орталық



1 июнь—балаларды қорғаудың Халықаралық күні

КПСС XXV СЪЕЗІНЕ—
ЛАЙЫҚТЫ ТАРТУ!

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН

КПСС XXIV съезінің ше-

ТРАНСПОРТ ТИІМДІ

14. В средних школах начался государственный экзамен, 31 мая

ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕ
МЕН ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕНБІ, 31 май 1975 жыл.

Орталық

● 17 июнь. Осыдан 70 жыл бұрын (1905) В. И. Лениннің «Революциялық пролетариаттың демократиялық міндеттері» деген мақаласы жарияланды.

● 22 июнь — фашистік Германияның Совет Одағына опасыздықпен тұтқиылдан шабуыл жасаған күні. Совет Одағының фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысының басталған күні.

Монголдың ... раткері Жамсаранчийн Самбудың туғанына (1895-1975) 85 жыл.

● 29 июнь — Совет жастарының күні.

● 30 июнь — Армения Коммунистік партиясының құрылғанына (1920) 55 жыл.

## Орта мектептерде мемлекеттік емтихан басталды



Міне, асыға күткен күн де жетті. Он жыл мектеп қабырғасында тәрбиеленіп білім негіздерімен қаруланған жас ұландар кәмелеттік аттестат алуы үшін мемлекеттік алғашқы емтиханға кірді. Олардың қай-қайсысының болса да жүректері толқи түсіп, жүздері гүл-гүл жайнайды. Бұл түсінікті. Өйткені, мемлекеттік емтихан олардың болашағына жол сілтер үлкен жолының басы ғой.

Қазір біздің облысымызда 189 орта мектеп бар. Үстіміздегі жылы оларды 10780 оқушы бітіріп шығады. Қолдарына кәмелеттік аттестат алған жастардың бірі жоғары, арнаулы орта оқу орындарына түсуді армандаса, көпшілігі колхоз, совхоз өндірісінде еңбек етуді ұйғарып отыр. Қоғамдық қой шаруашылығын өркендетуде әсіресе, Зайсан, Тарбағатай, Күршім, Марқакөл аудандарындағы орта мектепті бітірген түлектердің игі істері басқаларға өнеге болуда.

Үстіміздегі жылы мемлекеттік емтиханға Өскемен, Лениногор, Зырян, Серебрянка қалалары мен Большенарым, Марқакөл және Күршім аудандарындағы орта мектептердің коллективтері жан-жақты әзірлікпен келді. Бұл игі іске аудандық, қалалық халық ағарту органдарының, мектеп басшыларының қосқан үлесі көп.

СУРЕТТЕ: Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы қазақ орта мектеп-интернатының 10 класс оқушылары мемлекеттік емтихан үстінде.

Суретті түсірген
А. Праксин.

Редактордың орынбасары
М. САЛЫҚБАЕВ.

16. Стремящимся дорогу освещает свет, 6 июня



ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
...ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТ
...ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТ...
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖҰМА, 6 июнь 1975 жыл.



6 ИЮНЬ 1975 ЖЫЛ ✦ № 113 (9588).

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАР...

1975 15 1975 ИЮНЬ ЖЕКСЕНБІ ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕРІНІҢ САЙЛАУЫ КҮНІ

# ТАЛАПТЫҒА НҰР ЖАУАР

Талшыбықтай бұралған қара торы қазақ қызы Защита темір жолына қарайтын № 9 вагон депосының бастығы Л. Д. Гусевтің бұйрығын қолына алып, оны дөңгелектер цехының бас қарушысы В. З. Мосинаға ұсынғанда ол таңданғандай аз-кем тұрып қалды. Жас қыз вагон дөңгелектерінің кем-кетіктерін табуды меңгере қояр ма екен, сірә, дегендей көңіліне секем алғандай болды.

Бұл қыз — Мираш Мусина еді. Ол Семей облысына қарасты Шар ауданының Бақыршық руднигіндегі 10 жылдық мектепті бітірген соң өзін қызықтырарлық бір мамандықты меңгеруге бел буған-ды. Ойлап қараса біреу тігінші, біреу комбайншы, біреу құрылысшы... Мамандық нелерінің түбіне жетіп болмайды. Ол Мирашқа «Мұнда кел, таңдағаныңды қала» деп қол бұлғайтын секілді.

Шар ауданының үстін басып, күн демей, түн демей ағылып жататын поездарға кездескенде Мираш оған қызыға қарап қалушы еді. Сонда «Шіркін, поездың бір мамандығына қолым жетсе ғой» деп армандайтын. Осы ойын әкесі мен шешесіне келіп айтқанда олар:

— Рас айтасың, қызым, біз өндей күнімізде не көрдік, не білдік. Советтік заманда, міне, не ғаламат өнер үлгілерін көріп жүрміз. Бұрын ең аяғы іс тігетін машинаны көргенімізде таңырқаушы едік. Қазір бәрі техника боп кетті емес пе. Өзің не қаласаң, соған ұмтыл. Біздің тілегіміз осы, деген қариялар. Мираш сол бетімен тура Өскеменге келді. Ол Защита темір жол басқармасына барып өзін оқуға жіберуді сұрады. Олар әзірше оқудың реті болмайтындығын айтып, Мирашты Зырян қаласына жүріп-тұратын поезға қызметке алды. Мираш бұған қатты қуанды. Өйткені, ол осы жұмыста жүріп теміржолшылардың оқуына түсіп кетуді ойлаған еді. Сөйтіп, көп кешікпей өзінің ойлаған мақсатына жетті. Осы жұмыста жүріп Алматыдағы темір жолшылар техникумына сырттай оқуға түсті.

«Талаптыға нұр жауар» деген емес пе. Мираш бірден оқуды да, жұмысты да меңгеріп алды. Өзінің алғырлығын байқатты. Сосын жаратылысынан кішіпейіл, қайырымды қыз коллективте жарқын мінезімен, тындырымды ісімен танылды. Басқаларға өнеге-үлгі болды, жолдастарының сый-құрметіне бөленді. Коллектив жиналыстарында сөйлегендердің аузынан Мираш аты түспеді. «Мираштай болыңдар» деген сөздер жиі-жиі естілетін болды.

Міне, Мираш дөңгелектер цехына жұмысқа түсті. Цех басқарушылары Н. Самойлова мен В. Мосина Мираштан ақыл-өнерін аяған жоқ, бар ықыласын салып үйретті. Біраз күнде Мираш дефектоскопист мамандығын бес саусақтай біліп алды. Оның зеректігіне цех коллективі риза болды. Бір айтып берсе болды, ол қайта қайырып «мынау қалай еді?» деп ешкімнен сұрауды әдет етпеді. Өз міндеттемесін асыра орындай берді. Мираш есімі Защита темір жол бөлімі еңбеккерлеріне кеңінен мәлім бола бастады.

1971 жылғы жергілікті Советтердің сайлауында осындай сыннан өткен сенімді Мирашты теміржолшылар бірінші рет облыстық Советтің депутаттығына кандидат етіп ұсынды. 1973 жылғы сайлауда оны сол Советтің депутаттығына кандидат етіп екінші рет ұсынды.

Бұл Мирашқа көрсеткен коллективтің үлкен құрметі еді.

Дефектоскопист міндетіндегі Мираштың өз қарамағында үш түрлі техника тетігі бар. Оның біріншісі — ультра дыбысты дефектоскоп деп аталады. Бұл аспап арқылы ол дөңгелектің ішіндегі жай көзге көрінбейтін сызықтарды іздеп табады. Екіншісімен біліктегі, үшіншісімен басқа тетіктегі болымсыз ақауларды біледі. Темірге сеуіп жіберген, темір порошоктарының өзінен-өзі қолма-қол бөртіп шыға келгенін көріп тұрған бөгде адам, әрине, таң қалар еді. Адамның ауырған жерін тыңдап білетін дәрігер сияқты, темірдің қай жері «ауырып» тұрғанын әлгі порошок арқылы Мираш та біле қойды.

Тексерудің сан қыры бар. Ақаулы дөңгелектерді Мираш жік-жікке бөледі. Тіпті түкке жарамайды дегендерді бөліп алып, Алматыға жібереді. Жергілікті жерде жөндеуге келетіндерін алып қалып, оларды әр станоктың жөндеу қабілетіне қарай бөліп беріп отырады. Жөндеуден шыққан дөңгелектерді тағы да қайта тексеріп шығады. Мираштың ісі әрдайым тыңғылықты.

Дөңгелектер цехында социалистік жарыс жылдан-жылға кең өріс алуда. № 9 вагон депосының барлық цехы жарысқа қосылған еді. Солардың ішінде дөңгелектер цехы бірінші орынға шықты. № 9 депо коллективі Семейдің осындай вагон депосымен жарысқа түскен болатын. Жарыстың қорытындысында Защита депосы озып шықты. Социалистік жарыстағы осындай жеңіске Мираштың да қосқан үлесі бар.

Мираш Мусинаның еңбегі лайықты бағалануда. Үкіметіміз оның үздік еңбегін бағалап 1973 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен наградтады. Жыл аяғында және әрбір мейрам сайын алатын сыйлығы өз алдында.

Мираш 1971 жылдан бері коммунистік еңбектің екпіндісі атағына ие. Ол 1965 жылдан бері ВЛКСМ мүшесі, № 9 вагон депосы комсомол комитетінің бюро мүшесі. Бұл істе де тындырған жұмыстары аз емес. Қысқасын айтқанда, коллективтің құрметтісі. Қазақ темір жолының Защита бөлімшесі № 9 депосының коллективі МИРАШ ТӘУІРБЕКҚЫЗЫ МУСИНАҒА үлкен сенім артты. Оны үшінші рет Шығыс Қазақстан облыстық Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынып, № 44 Привокзальный сайлау округі бойынша дауысқа түсуге ризашылығын беруді сұрады.

Депутат халық қызметшісі екенін жете түсінген Мирашқа сайлаушылар қалтқысыз сеніп, сайлау күні оған түгелдей өз дауыстарын береді.

М. ТОҚЖІГІТОВ.

Өскемен қаласы.

# ЖАЛЫНДЫ СӨЗ ЖАРШЫЛАРЫ

17. Счастье пастуха, 6 июня



...ЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ...ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕ... ...ЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС... СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖҰМА, 6 июнь 1975 жыл.



КОММУНИЗМ ТУЫ

...ҚАЛАУЛЫЛАРЫ

# БАҚТАШЫ БАҚЫТЫ

Көл суы көтеріліп, Кендірлік өзенінің сала-саласына жайыла бастаса болды Шабақты, Шұбарағаш, Көкнірім қыстақтарында отырған малшылар тез-тез қамданып, Темірсу бойын жағалай, тау бектерлеріне қоныс аударады. Өйткені күн ысып, таудағы қар еріс-ақ тасқын келіп, Нұр-Зайсанды арнасынан шығарып жібереді. Көл суы шабындық пен жайылымдыққа лап қоялы. Осы кез мамырлап жатқан малға қатер. Сондықтан мұны малшылар есте ұстап, әрдайым сақтықта жүреді.

Күлпәштар бүгін көш қамында. Алдымен сиырларды, төлдерді түгендеп тұрып жұбайы Сайфолланың алдына салып берді. Содан кейін үй мүлкін, ыдыс-аяғын машинаға тиеді. Балаларын тегіс киіндіріп болды. «Ештеңе ұмытылған жоқ па?» деп үйге қайта-қайта кірді. Іс тәмамдалғаннан соң тұрғын үйдің, қораның есіктерін бекітті де, жолға шықты. Табыннан бұрын келіп бектерге үй тікті.

Міне, тау баурайына келген сәтте, Күлпәш машинадан түсе салысымен жайылымдыққа көз салған. Көк әлі жетіле қоймаған екен. Шөп шығысы жаман болмағанымен көл жағасындай емес, жаңа-жаңа бой көтере бастаған. Осыдан былай бөктер шөбі тез шығады, жұғымы да артады. «Ең бастысы мал жаюды дұрыс ұйымдастыру болатын шығар» деген ойын көкейге түйіп қойды. Өзді-өздімен болған шақта мал қамын ойлап, толғанып кететіні бар оның.

Осыдан былайғы бағыт жайлау болмақ. Бөктерді жағалай отырып, Сәмен жотасына ілінсе төр жайлаудан шығады. Оның жері соны, суы мөлдір, ауасы таза. Малдың құтты өрісі. Жайлауға барған сиырлар тез көтеріледі, төлі жылдам өседі. Осы кезде күндізтүні бақса тіптен жақсы. Күзде сиырлардың жүні жылтылдап, жоны төңкеріле түседі. Жас бұзауларды танымай қаласыз. Әсіресе теліп өсірілген төлдер тайыншадай болып алады. Бағымы-күтімі келіскен жерде төл де, өнім де мол болады.

Мал қамы мен жайылымдық мәселесінің Күлпәшті көбірек ойландыратын бір жөйіті бар-ды. Жазғытұрым мезетте, аудандa болған үлкен бір мәслихатта оның берген уәдесі есіне түссе ішіп отырған асын алдына қоюға бар.

Уәде демекші, ол былай болған еді. Бақташылардың аудандық жиыны өтіп жатқан. Мінбеге орта бойлы, талдырмаш келген келіншек көтерілді. Міне, ол сөйлеп тұр.

— О, халайық, бүгінгі шаттық өмірімізде еңбек ер атандырады деген ақиқат өкеніне біздің көзіміз жетті. Зайсан қаласындағы Әуезов атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін жүрек әмірімен өндірісте қалуды ұйғарып, мал бағуға келген едім. Жұбайым Сайфолламен қол ұстасып, осы бір қызығы мен қиындығы мол мамандықта 1958 жылдан бері еңбектеніп келеміз. Ісіміз нәтижесіз емес. Ғылми жетістіктерді оқып біліп, озат тәжірибелерді байырғы бақташылардан үйреніп, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету үшін қаракет жасау үстіндеміз. Еңбегі бардың — еңбегі бар демекші, қарамағымыздағы малымызды аман өсіріп, төл және салмақ алу жөніндегі тапсырмаларды үнемі асыра орындап жүрміз. Әсіресе өткен жылғы еңбегіміз жемісті болды. Табынымыздағы әр жүз сиырдан 100 бұзау алып, оны түгелдей аман сақтадық. Салмақ алудың жылдық жоспарын 130 процент етіп орындадық. Сөйтіп, біз көздеген межемізді алдық. Ал биыл, бесжылдықтың қорытындылаушы жылы, осы көрсеткіштен асып түспесек одан кем орындамаймыз деп сіздерді сендіргім келеді.

Мәслихатқа қатысушылар ду қол шапалақтап тұрып алғанда ғана жас келіншек жайлап барып, президиумдағы орнына отырды. Сонда залдағы жұбайы «дұрыс айттың» дегендей басын изеп, жымың етіп күліп қойған.

Сол уәде, бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау ұраны, партиямыздың XXV съезін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу вахтасы бақташы сенімьясына қанат беріп, жанқиярлық іске жігерлендіре түскен. Күлпәш пен Сайфолла қоғам малын дұрыстап жайып баққанда ғана еңбектің нәтижелі болатынын біледі. Сол себепті тынымсыз істі әрдайым алға тартады.

Көкжиектен күн көтеріліп, нұрын мол төгіп тұр. Тау баурайы сәнді көрініс құшағында. Айнала көкпеңбек. Бәйшешектер, сарғалдақтар көздің жауын алады. Гүлдердің жұпар иісі аңқиды. Күндіз-түні еміненркін жайылып жүрген табын бөктерлеп жатыр. Жаңа Сайфолланы жұрт ауыстыру үшін жайылымдық көруге жіберген де, өзі табын басына келген. Ал, алты бірдей баласы киіз үйде ұйықтап жатыр. Оқудағылары кеше кешкілік демалысқа келген.

Осылайша малмен қызықтап жүрген Күлпәштің назарын мотор үні бөліп жіберді. Өріске қарай екпіндеп машина келеді. Өр болған соң даусы қатты шығады. «Ертелетіп жүрген кім екен?» деген ол атына мініп, машинаның алдына қарай шыға берді. Таны кетті. Машина өздерінікі. Цехтың керек-жарағын тасиды. Кейде онымен басқарушы да жүреді. Сөйткенше болған жоқ, машинадан цех бастығы Зайнолдин Зейнабек түсіп жатты. Күлпәшке қарап күліп келеді. Оның қолын қысып, «құттықтаймын, Күлпәш!» деп жылы лебіз білдірді. Мұнысы қалай деген сауалдың жауабын көп кешікпей білді. «Айнабұлақ» совхозының орталығында көпшілік жиналысы болыпты. Онда Шығыс Қазақстан облыстық Советінің депутаттығына кандидат ұсыну мәселесі қаралғанда совхоз жұмысшылары осы Күлпәш Шәкенованың есімін бірауыздан атапты. Сөйтіп, озат бақташыға үлкен сенім көрсетіпті. Сайлаушылар бұдан бұрын да оны аудандық Советке депутат етіп сайлаған еді. Ол сайлаушылар сенімін өнегелі еңбек иесі абыроймен ақтап жүр. Оған көпшілік тағы да зор сенім көрсетіп отыр. Күлпәш халық қалаулысы. Ол облыстық Советтің депутаттығына кандидат.

Жайдары жүзі алаулап, мақтаныш сезімін білдіргендей. Қуанғанынан жымиып күліп тұр.

Бақыт берген абыройлы еңбекке ол ден риза.

М. САЛЫҚБАЕВ.

Зайсан ауданы.

18. Насыщая молочный источник, 14 июня

ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТ
ЫСТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМ
ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕНБІ, 14 июнь 1975 жыл.

...Қ ПЕН СО...

А. Л. Часовникованың тоғызыншы сайланатын Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауын өткізуге ұйымдық-техникалық әзірлік туралы хабары тыңдалды.

Комиссия Қазақ ССР Байланыс министрі Ә. А. Елібаевтың дауыс берудің барысы ...ы Орталық сайлау комиссиясының секретары О. Б. Батырбеков хабарлама жасады.

Мәселелерді талқылауға Орталық сайлау комиссиясы председателінің орынбасары В. Н. Загорский, комиссия мүшелері Р. К. Құсайынова, Г. А. Юдаев қатысты.

...барлық жерде бірдей әзір етілген. Олар сайлау бюллетеньдерімен және басқа да сайлау документациясымен, байланыс және транспорт құралдарымен толық қамтамасыз етілген.

Қаралған мәселелер бойынша комиссия тиісті қаулылар қабылдады.

(ҚазТАГ).

15 июнь — Советтердің сайлауы күні

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ

## Сүт бұлағын ағызып...



Жаймашуақ жаздың осынау шағы әрбір адам көңіліне нұр құйып, шабыттандырып, жүрек жылуын жалындата түспей ме! Быылғы жаздың жайдарылығы көк желек көмкерген айналамыздан анық көрініп, айналамызды асқақ ән мен күйге — еңбек әуеніне бөлегендей. Өйтпегенде ше! Бесжылдық шеруі аяқталуға жақын—коммунизм орнатушылардың шежіресінен өзіне лайықты орнын алуға небәрі алты ай жарым уақыт қалды. Осы мерзім ішінде жекелеген коллективтер, еңбек адамдары тоғызыншы бесжылдыққа белгілеген межелерін толық жүзеге асырып, оныншы бесжылдық есебіне іс тындыруда.

Еңбектегі мұндай энтузиазм, ерекше қарқын биылғы жаздың тағы бір саяси науқаны қарсаңында байқалып, оның мазмұнын тереңдете түсіп отыр. Бұл науқан — Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы күні. Республика өміріндегі осындай елеулі оқиға құрметіндегі еңбек вахтасына тұрғандар арасында Большенарым ауданындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозы Балғын бөлімшесінің сауыншысы, коммунистік еңбек екпіндісі, ВЛКСМ мүшесі Нұрзада Балтабаева да бар. Ол биылғы көктемде сүт сауу жөніндегі бесжылдық жоспарын толық орындап, қарауындағы 19 сиырдан жыл аяғына дейін қосымша 2000 литрден сүт өндіруге сөз берді. Жас қыздың мұндай еңбегі жерлестері тарапынан ескерілмей қалған жоқ. Олар Нұрзаданы № 94 Жұлдыз сайлау округі бойынша еңбекшілер депутаттары Шығыс Қазақстан облыстық Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынды.

СУРЕТТЕ: сауыншы Н. Балтабаева.
Суретті түсірген В. Павлунин.

## Жүлделі құрылысшы

... Ол сон...

20. Досрочно, 9 июля



...АЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ...ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТ... ...ҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС... СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СӘРСЕНБІ, 9 июль 1975 жыл.

...Р ҚОЙНАУЫН...



# КПСС XXV СЪЕЗІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ТАРТУ!

*ТЕЛЕГРАММА*

## МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН

Катонқарағай ауданының еңбеккерлері КПСС XXV съезі құрметіне еңбек вахтасына тұра отырып, мемлекетке сүт және ет сату жөніндегі тоғызыншы бесжылдықтың халық шаруашылығы жоспарын төрт жарым жыл ішінде орындап шықты. Мемлекетке жоспардағы 4837 тоннаның орнына 4838 тонна сүт, 3000 тонна орнына 3040 тонна жүн сатылды. Аудан еңбеккерлері күш-мүмкіндіктерін есептей келіп, үстіміздегі жылы оныншы бесжылдық есебіне жоспардан тыс 700 тонна сүт, 200 тонна жүн тапсыруға міндеттенді.

В. САВИЛОВ,
аудандық партия комитетінің бірінші секретары.

Н. БАЙҒАЛИЕВ,
аудандық Совет атқару комитетінің председателі.

Өскемен конденсатор заводында өз ісін жете білетін мамандар күннен-күнге толығa түсуде.

СУРЕТТЕ: Т. Жуандықова.
Суретті түсірген М. Жабранылов.

21. Член ВЛКСМ Гульшира Шакерова после окончания школы осталась в своем совхозе, 9 июля



АЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕ
ҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СӘРСЕНБІ, 9 июль 1975 жыл

Р КӨЙНАУЫН



ВЛКСМ мүшесі Гүлшира Шәкерова орта мектепті бітіргеннен кейін өз совхозында қалды. Ол «Қаратал» совхозындағы «Қызғалдақ» атты комсомолец-жастар бригадасының мүшесі. Жас сауыншы өзіне берілген сауын сиырлардың әрқайсысынан мол сүт сауууға бар күшін жұмылдыруда. Озат сауыншылардан үйрене отырып, жақсы көрсеткіштерге жету үшін күресуде.

СУРЕТТЕ: жас сауыншы Г. Шәкерова.

Суретті түсірген З. Мусин.

22. Сердце матери, 12 июля



№ 138 (9613).

СЕНБІ

12

ИЮЛЬ

1975 жыл

Бағасы 2 тиын



ТЕҢІЗ ТОЛҚЫНЫНДА.

Фотоэтюд В. Павлуниндікі.

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

# АНА ЖҮРЕГІ

Таңертеңгі сағат тоғызға бес минут қалғанда Фаузия магазинге келді. Оны бірнеше адам күтіп тұрған-ды.

— Сәлеметсіз бе? — деді топ ішінен қоңыр көзілдірікті жігіт жақындай берген сатушыға.

— Шүкір, өздеріңіз де сенсіз бе? — деп Фаузия онымен жылышырай амандасты да, магазин есігін ашты. Манадан сатушыны күтіп тұрғандар бірінен соң бірі магазинге кірді. Сөрелердегі саяси кітаптар мен әдеби туындылар оқырмандар назарын бірден өзіне аударды. Фаузия олардың қалаған кітаптарын тез тауып беріп, дағдылы саудасына кірісіп те кетті.

Әр адамның өмірі жазылмаған бір дастан деген расау. Өйткені, мен мынаны тындырдым, мынадай із қалдырдым, — деп айтпаса ішкі сырды кім біледі. Біз сөз етіп отырған Ұлан селосындағы кітап магазинінің сатушысы Фаузия Жамелованың өмір жолын да екінің бірі біле бермейді.

Ол 1943 жылы Тарғын селосындағы орта мектепті бітірді. Әуелі «Красный Алтай» совхозына қарасты Точка селосында кітапханашы, одан соң байланыс бөлімшесінде телеграфистка болып істеді. Қайда барса да өзіне көрсетілген сенімді абыроймен ақтай білді.

Міне, соңғы жиырма жылдан бері Ұлан селосындағы кітап магазинінде сатушы болып істейді. Бұл мерзімде ол өзі сүйген осы мамандықтың қырлары мен сырларын ойдағыдай игеріп алды. Село активистерінің көмегіне сүйене отырып, жұртшылық арасында әдеби туындыларды насихаттау ісін тыңғылықты жолға қойды. Осының нәтижесінде кітап сатудың айлық, тоқсандық жоспарларын үнемі артығымен орындап келеді.

Мұғалім Нұрбану Байжұмина, балалар бақшасының меңгерушісі Алғиза Райымжанова, шопандар Қанаш Ахметжанов, Смак Мәсәлімов және басқалары Фаузиямен тығыз байланыс жасап, өздері қажет еткен кітаптарға алдын ала заявка береді. Қазір бұлардың үйінде меншікті шағын кітапхана бар. Олардан қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың, совет әдебиетінің көрнекті өкілдері Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Тайыр Жароков, Шыңғыс Айтматов және басқаларының еңбектерін көруге болады.

Селода тұратын жасампаз еңбек адамдарының мәдени-рухани талғамы барынша арта түсті. Қазір кітап оқымайтын, оны асыл заттай қастерлемейтін бірде-бір семья жоқ. Олардың өскелең талабын мүлтіксіз орындауға Фаузия да лайықты үлес қосып келеді. Игі еңбек ескерусіз қалған жоқ. Кітап саудасындағы ұзақ жылғы жемісті қызметі үшін Фаузия Жамелова «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды.

Фаузия озат сатушы болумен қатар абзал ана да. Үлкен қызы Шолпан әке жолын қуып, мұғалім болды. Ол қазір Алматы қаласындағы мектептердің бірінде істейді. Ал, ұлдары Амантай, Тарғын, Алтай институттарда оқиды. Күні ертең-ақ бірі инженер, екіншісі агроном, үшіншісі мал дәрігері мамандығын алып шығады. Мейрамы жақында оныншы класты ойдағыдай бітіріп шықты. Ол да алдыңғы ағалары сияқты арман жолын қуған жас. Қазір медициналық институтқа түсуге әзірленуде. Ал, Қайраты мен Асқары әлі мектеп жасында. Бәрі де жаз гүліктей жайнап өсіп келеді. Ана жүрегі осыған қуанады. Жер бетіндегі барша ізгі ниетті аналар сияқты баянды бейбіт өмірді тілейді. Бұл тілекке біз де қосыламыз.

Ф. БОГАТЫРЕВ.

Ұлан ауданы.

не, солардың қоршауды бұзып өткен сәттегі қаһармандық ерліктері жайлы «Өз бағытыммен жүземін» фильмі

ОЙДАҒЫДАЙ ӨТТІ

сына сай сабақ берудің озық тәжірибелері талқыланды. Техникалық құралдарды сабақ үстінде қолданудың, көр-

23. Коллектив учителей Уранхайской 8-летней школы Маркакольского района много работают в сфере профессиональной ориентации, 16 июля

АЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕР
ҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СӘРСЕНБІ, 16 июль 1975 жыл.

Компарт



Марқакөл ауданы Ұранхай сегізжылдық мектебінің оқытушылар коллективі жастарды кәсіптік бағдарлау саласында көп жұмыс атқарды. Мұнда он жылдан бері жас орманшылар отряды жұмыс істеп, жыл сайын мектеп бітірушілердің жиырма проценті орман техникумдары мен институттарына түседі.

Қазір оқушылар Марқа көлінің жағасындағы палаткалы қалашық—еңбек және демалыс лагерінде жүр.

Мектеп орманшылығының мүшелері биыл көп жұмыс атқармақ. Олар отырғызылған жас көшеттерді күтімге алып, жас ағаштарға калий тыңайтқышының қалай әсер ететіндігіне тәжірибе жүргізбекші. Ағаштарға құс ұяларын салып, жол бойына жасыл алқап отырғызбақ. «Жас патруль» отрядының мүшелері өзен жағалауларына екі рет саяхат жасауды жоспарлаған. Олар балықтардың бағалы түрлері — хариус пен ускучтың уылдырықты қалай шашатынын зерттемек.

СУРЕТТЕ: мектеп орманшылығының мүшелері **Төлеу Соболев, Лариса Жукова, Галя Новоселова, Коля Григорьев** Марқакөл орман шаруашылығы орманшысының көмекшісі **Владимир Кислинскиймен** бірге орман өсімдіктерін зерттеуде.

Суретті түсірген **В. Павлунин.**

КОММУНИЗМ ТУЫ
ИНДЕКС 49200
ӨСКЕМЕН, САДОВАЯ

24. Мария Ракымбекова десять лет работает мед. сестрой процедурного кабинента туберкулезного диспансера г. Усть-Каменогорска, 25 июля



№ 147 (9622).

ЖҰМА

25

ИЮЛЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын



Мария Рақымбекова — он жылдан бері Өскемен қалалық туберкулез диспансерінің процедура кабинетінде медициналық сестра болып істейді. Осы жылдар ішінде ол коллектив арасында зор беделге ие болды. Көптеген алғыстар мен бағалы сыйлықтар алды.

Ол — көп балалы ана. Соған қарамастан қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Мария жергілікті кәсіподақ комитеті мен халықтық бақылау тобының мүшесі.

СУРЕТТЕ: М. Рақымбекова.

Суретті түсірген М. Жабырайылов.

ЖАСАРА

Бұхарада Арк қорғачының батыс қақпаларын калпына келтіру жұмыстары аяқталды. Өзбекстан мәдениет министрлігінің жергілікті қалпына келтіру шеберханаларының қызметкерлері бүкіл кіреберіс комплексі «Гүлдәста» («Гүл шоғы» деген мағында) бүйір мұнарасын және басқа да үйлерді жаңартып шықты.

25. В заключительном годе девятой птилетки штукатур-маляр Б. Ахмадиева верно исполняет поручения строительного руководства, 14 августа



ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
...ЫСТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕ...
...Н ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫ...
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

БЕЙСЕНБІ, 14 август 1975 жыл.



## БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ОЗАТТАРЫ

### ЖҮРГІЗУШІЛЕР ТАБЫСЫ

КПСС XXV съезі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрған «Зырянстрой» тресі құрылысты механикаландыру және автотранспорт басқармасының коллективі үстіміздегі жылдың жарты жылдық жоспарын едәуір асыра орындады. Алты айда 800 мың тоннаға жуық халық шаруашылығы жүктері тасымалданып, он мың сомнан астам пайда алынды. Бұл іс-те В. Топчеев пен А. Зиновьев басқаратын жүргізушілер бригадасы ерекше көзге түсті. Бұлар айлық тапсырмаларын үнемі 140 — 160 проценттен орындауда.

### ЖАҢАШЫЛДАР КӨБЕЮДЕ

Техникалық прогресті шапшандатып, еңбек өнімділігін арттыруда өндіріс жаңашылдарының атқарар ролі ерекше. Мәселен, Зырян қорғасын комбинатының КПСС XXII съезд атындағы рудни-гінде жаңашылдар қатары жыл сайын молая түсуде. Үстіміздегі жылдың алты айында техникалық творчествоға 184 адам қатысты.

Алғыр ой иелері 159 рационализаторлық ұсыныс пен он жаңалықты өндіріске енгізіп, жоспарда белгіленген 58 мыңның орнына 130 мың сом экономикалық тиімділік алды.

Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылының тапсырмаларын жөндеу құрылыс басқармасының сылақшы-сыршысы Б. Ахмадиева ойдағыдай орындап жүр. Қорғасын-мырыш комбинатында Ахмадиеваның жұмыс істегеніне он жылдан асты. Оның еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды.

Ол өзінің жұмыс тәжірибесін жастарға үйретуден жалықпайды. Бұл күндері озат жұмысшы КПСС XXV съезі құрметіндегі вахтаға тұрып, еңбегін еселей түсуде.

СУРЕТТЕ: Б. Ахмадиева.

Суретті түсірген Н. Онищенко.

27. На первом звонке, 30 августа

ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
СТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕ
ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫС
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕНБІ, 30 август 1975 жыл.

ВШЫЛАР ҚОЗҒ

— КОММУНИЗМ ТУЫ —

# , АЛТЫН ҰЯ!

## е жаңа оқу жылы басталады

орта мектептердің мұғалімдер коллективтері ерекше көңіл бөліп келеді. Олар жоғары класс оқушыларымен жергілікті заң қызметкерлерінің кездесуін өткізіп тұрады. Онда социалистік заңдылықты қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті нығайту, совет азаматтарының праволары мен міндеттері туралы мәселелер жайында кең сыр шертіледі. Ендігі міндет — барлық мектептерде де осы игі бастаманы онан әрі жалғастыра түсу.

Жастар — біздің болашағымыз. Сондықтан олар білімді, мәдениетті болумен қатар еңбек дағдысына да үйренуі тиіс. Өйткені, еңбек — өмір тынысы. Өткен оқу жылында облысымыздағы 40 орта мектептің жоғары класс оқушылары механизатор, шофер, металл өңдеу, электротехника мамандықтарын үйренді. Ал, 1975 жылғы жазғы демалыс кезінде оқушылардың 264 өндірістік бригадалары құрылды. Олардың құрамындағы 12850 оқушы колхоз, совхоздарда пішен дайындау, егін жинау жұмыстарына қатысты.

Бала тәрбиесіне баса көңіл бөлінген жерде олардың сабақ үлгірімі де жылдан-жылға жақсара түсті. Мысалы, лениногорлықтар жақсы бастама көтеріп отыр. Бұл қалада педагогикалық білімді насихаттау университеті құрылған. ның жұмысы жоспарлы жүргізіледі. Университетте ата-ана лекторийі жұмыс істейді. Мұғалімдер, жергілікті пар..., Совет органдарының мекемелердің басшылары көпшілік алдында оқу-тәрбие жұ-



Алғашқы қоңырау алдында
Фотоэтюд А. ПРАКСИНДІКІ.

С
Д
ХАНО
Вьетна
сы
Вьетна
Респуб
жинал
шақыр
Демок
сының
келеуі
мавзо
апыл
Ханоі
митет
шелі
Мини
седат
баста
делег
Де
КПС
секр
ССС
Пре
М.

М

28. На первом уроке, 2 сентября



АЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
СТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
ҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕЙСЕНБІ, 2 сентябрь 1975 жыл.

29. Путь учителя, 2 сентября

ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
СТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕЙСЕНБІ, 2 сентябрь 1975 жыл.

СӨЗІМ

арналған құрылыстар бар. Бұлардың үстіне, Ақсуаттағы аурухана мектепке арналып қайта жабдықталды. «Чердояк» орта мектебі мен «Қойтас» орта мектебі жанындағы интернаттар күрделі жөндеуден өтті. Әсіресе, аудандағы № 2404 жылжымалы механикаландырылған колоннаның, Бұқтырма балық заводының, аудандық тұтынушылар қоғамының, КПСС XXII съезі атындағы «Күршім», «Маралиха», «Высокогор», «Қалғұтты» совхоздарының басшылары

та, саналы азамат етіп тәрбиелеуге бағытталды.

Оқу-тәрбие жұмысындағы басты тұлға—мұғалім. Ал, ол Ушинский айтқандай: «Оқытушы оқып білімін көтергенде ғана мұғалім. Оның оқығанын, ізденгенін қойысымен мұғалімділігі өледі». Сондықтан біз мұғалімдердің білімін жетілдіруге зор көңіл бөліп отырамыз. Өткен оқу жылында ғана аудандағы 184 мұғалім курстарда, 346 мұғалім семинарларда оқып, білімдерін көтерді.

Ауданымызда оқушыларға

белгіленді. Жаз айларында көптеген мектептердің оқу-материалдық базасы нығайтылып, барлығы толық жөндеуден өтті. Оқу кабинеттері мен лабораториялары көрнекті және техникалық құрал-жабдықтармен толықтырыла түсті. Аудан мектептері оқу жылын ұйымшылдықпен бастады. Жастарға жаппай орта білім беру ісінде бұдан былай да табыстарға жете береміз.

Қ. СЕМБАЕВ,
Күршім аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

# Ұстаз жолы

— Адамның өмір бойы қадірлеп өтер ең асылы — балалық шағы болса керек. Ал, сол бір аяулы күндеріңді ойласаң мектепті ұмыту мүмкін емес. Ондай сәтте менің көз алдыма бірінші боп, өзімнің тұңғыш ұстазым Ахмади ағайдың бейнесі келеді. Тақтаның алдында таяғына сүйеніп тұрып, саңқылдап сөйлер ашық дауысы да бүгінге дейін құлағымда, бәз-баяғы қалпында жаңғырып тұрады. Неге екенін қайдам, қырықты қусырып бара жатсам да, ол кісінің алдында бүгін де именіп қалар әдетім бар. Бұл —ұстаз алдында өзімді әлі күнге шәкірт санайтындығымнан болар,—дейді Солоновка орта мектебінің директоры Тағаев Құмаш.

Кешегі үздік оқушы, бүгінгі беделді мұғалім әңгімелеп отырған Шыңғыстай орта мектебінің ең қарт ұстазы Ахмади Найманғазин биылғы қоңыр күзде шәкірттер алдына қырық үшінші рет шығып отыр.

Ол шаруа жастар мектебін бітірген кезде небәрі он жетіге,жаңа аяқ басқан бала жігіт еді. Тұрмысы жаңа оңала бастаған алыс үйге жетер-жетпес Шәңгіштай, Таңба ауылдарында сауаттылар санаулы-ақ болатын. Халықты сауаттандыру ісі басты мәселе болып тұрғанда Ахмадидің сол білімінің өзі-ақ көпшілікке самала жарық болды. Ұзын бойлы, дөңгелек қаршыға көзді, аққұба жігіт сол бір қоңыр күзде өзінен үлкенге де, кішіге де ұстаз болды.

Еліміздің Қиыр шығысында әскери борышын өтеп, енді елге қайтқалы жүрген жас солдаттың жолы күрт батысқа қарай ауды. Алдан от пен оқ шықты. Барлық жерде Отан үшін кескілескен ұрыс... Арпалысқан Калинин майданы... Табан тірескен Таржов жері... Москва үшін шайқас... Отанның осы қалалары мен далалары үшін ол бүкіл жастығын сыйласа, соғыс оған жиырма бес жасында мәңгіге таяқ сыйлады.

Ахмади ауылға оралысымен байырғы қызметіне көшті. Соғыс оның жастығын алса да, жалынын сөндіре алмапты. Енді ол бар қуатын жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсай бастады. Ол 1943 жылы Коммунистік партия қатарына өткенде өзін шын бақытты сезінген-ді. Өйткені, соғыс жүріп жатқан кезде, тылдағы мылтықсыз майдан төріндегі күрестің алғы сапында болу — үлкен сенімнің белгісі болатын. Ал, келесі жылдан бастап бүгінгі таңға дейін совхоз, мектеп бастауыш партия ұйымдарының секретары болуы — сол сенімді ақтағанның айғағы.

Соғыс аяқталғаннан кейін ол көп өтпей-ақ Абай атындағы Семей педагогикалық училищесін бітіріп, білімді маман болып қайтты. Артынша Ақаң «Халық ағарту үздігі» значегімен наградталды. Ол жеңістің 20 және 30 жылдықтарында белгіленген мерекелік медальдардың да иесі.

Қарт ұстаздың осы қиын да қызық тағдырлы еңбек жолында алдына сәби болып келіп, азамат болып аттанғандар қаншама. Олар сан саланың мамандары: мұғалім, инженер, журналист, тағы сол тәрізді.

Қырық үш жыл — уақыт өлшемі. Ал, осы уақыттағы ұлан-қайыр ұстаз еңбегінің сірәда, өлшемі жоқ шығар.

Д. ӘШІМХАНОВ.
Катонқарағай ауданы.

БҮГІН «Рудный Алтай» газетінде

«Маңызды саяси науқан». Басмақала.

## Білімдіден шыққан сөз

Оқу — адамды білгір етеді, тыңдау — зерек етеді, ал жазып алу ұқыпты етеді.

* * *

30. Рысалды Ахметжанова – лучшая портниха фабрики «Рассвет», 26 сентября



№ 191 (9666).

ЖҰМА

26

СЕНТЯБРЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын



Рысалды Ахметжанова — «Рассвет» тігін бірлестігінің озат тігіншісі. Оның бұл кәсіпорында еңбек еткеніне сегіз жыл болды. Осы мерзім Рысалды үшін, әрине толысу жылдары болды: Алғашқы қадамын үйренушіден бастап, қазір алтын қолды шебер атанып отыр.

СУРЕТТЕ: тігінші **Р. Ахметжанова.**

Суретті түсірген **Л. Колташев.**

32. На плодотворном пути, 4 октября



№ 197 (9672).

СЕНБІ

4

ОКТЯБРЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын



Анна Максимовна Белозерованың есімі Шемонаиха қаласының тұрғындары арасында үлкен құрметпен аталады. Ол осындағы № 2 орта мектепте бірнеше жылдан бері бастауыш кластарға сабақ беріп келеді. Анна Максимовнаның алдынан білім алып шыққан шәкірттердің көпшілігі қазір озат жұмысшы, механизатор, дәрігер, инженер, басқа да мамандық иелері. Тәжірибелі ұстаз сабақ беретін кластың оқушылары әрбір оқу жылын толық үлгіріммен аяқтайды.

СУРЕТТЕ: **А. М. Белозерова** бірінші класс оқушыларымен сабақ өткізуде.

Суретті түсірген **А. Праксин.**

Зейнеп Жақыпова бірнеше жылдан бері Ұлан селосындағы Жамбыл атындағы орта мектепте физика, математика пәндерінен сабақ береді. Тәжірибелі мұғалім соңғы екі жылдан бері өзі оқытатын пәндерден шәкірттердің толық үлгірімге жетуін қамтамасыз етуде.

СУРЕТТЕ: **З. Жақыпова.**

Суретті түсірген **М. Болатов.**

# ЖЕМІСТІ ЖОЛДА

Ұстаз! Осы сөз кімге де болса жылы естіліп, көз алдына мектеп қабырғасында өткен балалық балғын шағынды, өмір деген ұзақ жолға ақ тілекпен аттандырып салған қамқоршы адамынды елестетеді. Көкейіңе жарық сәуле ұялатып, әдемі ой тұңғиығына бойлатады. Өмірде әркімнің-ақ ерекше бір ыстық ықыласпен қадір тұтатын аяулы ұстазы бар емес пе?

Міне, шәкірттерінің жүрегіне жол тауып, олардың сый-құрметіне бөленген осындай ардақты ұстаздардың бірі — Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы мектеп-интернаттың мұғалімі Сәния Сәбитова.

Жас шағында кімнің де болса алдына қойған мақсаты, соған жетсем-ау деген аңсаған арманы болады ғой. Онжылдықты бітірген соң, Сәния да осындай арман қуып, сонау Ақтөбе облысынан астанаға келді. Документін қыздар педагогикалық институтының тарих факультетіне тапсырған ол, қабылдау емтихандарынан ойдағыдай өтіп, оқуға түсті. Содан институтты 1950 жылы бітіріп, қолына мұғалімдік жолдама алды. Сол уақыттан бері ширек ғасырдан аса уақыт өтті. Ал, осы мерзім ішінде одан білім алып, тәрбие көрген шәкірттер қаншама! Олар қазір еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр.

Сәния Жамбыл атындағы мектеп-интернатта 1962 жылдан бері қызмет істейді. Ол мұнда ұстаздық тәжірибесі молайып, оқыту шеберлігі шыңдала түскен шағында келді. Оқушылар мен мұғалімдер коллективі оны алғашқы күннен бастап-ақ жан-жақты білімділігі, сыпайы мінезі үшін жақсы көріп, құрмет тұтты. Мектеп бойынша Сәния сабақ беретін тарих және қоғам тану пәндерінен оқушылардың үлгірім сапасы жақсара түсті.

1964 жыл болатын. Бір күні мектеп директоры Уәлиахмет Байділденов оны шақырып алып, жеке әңгімелесті.

— Сәния Сәбитовна, біз сіздің педагогикалық тәжірибеңіз бен іскерлігіңізді бағалай келіп, үлкен сенім көрсетіп отырмыз. Соңғы кезде өзіңізге белгілі VIII-«б» класының оқу үлгірімі мен тәртібі нашарлап кетті. Міне, осы класқа жетекші боласыз ба — деді.

Тәжірибелі ұстаз бұл ұсынысқа бірден келісті. Өзі сабақ беретін осы кластың үлгіріміне өзінің де көңілі толмай жүретін. Мұнда бұрын қайта-қайта сұрақ қойып, жарыса қол көтеріп отыратын оқушы белсенділігі нашарлап кеткендей. Тіпті, ішінара сабаққа мүлде дайындалмай келетіндер де жоқ емес.

Шәкірттердің көбі осы Өскемен тұрғындарының балалары еді. Сәния жұмысты алдымен үлгірімі нашарлап кеткен оқушылардың ата-аналарымен әңгімелесіп, пікір алмасудан бастады. Олардың үйдегі тәрбиесімен, тұрмыс жағдайымен танысты. Қиын деген пән мұғалімдерімен келісіп, қосымша сабақ өткізуді ұйымдастырды. Жақсы оқитындар мен класс белсенділерінің басын қосып, арнайы әңгімелер өткізді. Әрбір оқушының мектеп өміріне тікелей араласып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуын қатаң бақылауға алды.

Кейін осыншама ізденіс өз нәтижесін берді де, VIII-«б» класы мектеп бойынша үлгілі кластардың қатарына қосылды...

Сәния Сәбитованың осындай өнегелі істерін бүкіл мектеп коллективі орынды мақтан тұтады. Ол қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Атап айтқанда, тарих пәнінің үйірме жетекшісі, насихатшы. Кеудесінде «Оқу-ағарту ісінің үздігі» значогі жарқыраған тәжірибелі ұстаз мектеп бойынша жыл сайын шәкірттердің толық үлгірімін қамтамасыз етуде.

«Егер сіз өзіңізге лайықты мамандықты сәтімен сайлап алсаңыз, оған жан-тәніңізді салсаңыз, онда бақыт сізді өзі іздеп табады» — деп атақты педагог К. Ушинский айтпақшы, Сәния Сәбитова өз бақытын ұстаздық мамандықтан тапқан жан.

**Р. ЖЕТЕКОВА.**

Өскемен.

33. Художественные узоры, 9 октября

...ДЕР!

№ 200 (9675).

БЕЙСЕНБІ

9

ОКТЯБРЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын

бөлімшесі өз көрсеткіштерін 110 процентке жеткізсе, таза мысты сілтілеу бөлімшесіндегі Ә. Смайловтың сменасы жемісті еңбектің нәтижесінде комбинаттың ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды.

Н. СМАҚОВ.

...оттегі және басқа газдар еніп кетеді. Жоғары температура кезінде солардың әсерімен вольфрам сымы дереу жанып кетеді. Осы бөлшекті қорғау үшін заводтан оны химиялық заттардың суспензиясы — газ жұтқыштарға малып шығаратын. Ал ылғалға қарсы қолданылатын тиімді құрал енді ғана табылды.

...тың» препарат жасап шығарды. Осының нәтижесінде, сынау кезінде көрініп отырғанындай, қызатын электр шамдарының қызмет мерзімі он бес процентке артты. Химиктер өнеркәсіп мамандарымен бірлесе отырып, препаратты өндіріске енгізуге дайындады.

ТАСС тілшісі.

Рига.

## ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕР

«Рассвет» тігін бірлестігінің қай цехына барсаң да қызған еңбекті аңғарасың. Өз ісіне беріле кірісken тігіншілердің қимылына көз ілесер емес. Біз В. Мусинова басқаратын смена коллективімен жұмыс үстінде таныстық.

— Бүгінгі талапқа сай әйелдердің сыртқы киімін тігуде біздің коллектив үздік келеді, — дейді бізбен әңгімесінде Валентина Филиповна.

Кәсіпорында кримплен, жібек маталарынан тігілетін киімдердің барлық түрлері «Алтын қолды» шеберлердің қолынан шыққан.

Мұнда еңбекететіндердің басым көпшілігі жастар. Оларға қазіргі техниканың соңғы жетістіктері сеніп тапсырылған. Мәселен, жуықта «Жуки» машинасының жаңа партиясы келген еді. Көлемі шағын болғанымен құрылысы күрделі, бірден үш операцияны атқаратын бұл машина техниканы жетік білетін, қолынан іс келетін жастарға бекітіліп берілген.

Оларға кәсіпорынның Еңбек Қызыл Ту орденді Қ. Мұртазинова, Т. Зеленская, Ленин орденді Б. Бабина сынды еңбек ардагерлері әрдайым қолқабыс жасайды. Тігін цехының жастары З. Бикеева, Н. Артеменко, Р. Сиганова, О. Бағаева күні кеше ғана алдыңғы толқын апайларынан үйренген еді, бүгінде еңбек озаты деген құрметті атаққа ие. Коммунистік еңбектің екпінділері. Қайсыбірінің кеудесінде «Құрмет Белгісі» ордені жарқырайды.

Бірлестік тігіншілері КПСС XXV съезі құрметіндегі еңбек вахтасын өрістетіп, өнімді тез, сапалы әрі әдемі жасау үшін күресуде.

Л. КОЛТАШЕВ.

СУРЕТТЕ: коммунистік еңбек екпіндісі С. Айнағұлова. (Солдан оңға қарай) техникалық бақылау бөлімінің бақылаушысы П. Дмитриева, тігінші Н. Артеменко, учаске бастығы Р. Чекмарева.

Суретті түсірген автор.





### Бүгін «Рудный Алтай» газетінде

**«КПСС XXV съезіне — лайықты тарту».** Бөлім.

**«Бесжылдық шебі алынды».** Хабарлар бөлімі.

**«Объектілерді мерзімінде іске қосайық».** Г. Жуганның партия конференциясынан жасаған есебі.

**«Бір кісідей қолға алса».** С. Нечепуренконың корреспонденциясы.

**«Завод цехтарының қатарында».** И. Назаровтың корреспонденциясы.

**«Планетаның шартарабынан».** Шетел хабарлары.

### Ауа райы

Өскемен гидрометбюросының хабарлауы бойынша бүгін облыста көшпелі бұлт шығып, жер-жерде жаңбыр жауады. Шығыстан секундына 7—12, кей жерлерде 15 метр жылдамдықпен жел соғады. Ауаның...

КОММУНИЗМ ТУЫ

ИНДЕКС 492000

ӨСКЕМЕН, САДОВАЯ КӨШЕСІ, 23.

34. Вознаграждение за труд, 11 октября



№ 202 (9677).
СЕНБІ
11
ОКТЯБРЬ
1975 ЖЫЛ
Бағасы 2 тиын



«Таң алдында тракторға, бір қарындас отырды». Надя Крайникованы көрген сайын осы бір өлең жолдары еріксізден ойға оралады. Оның техниканы тізгіндеп, тракторшы болғанына, міне, екінші жыл. Осы аз уақыттың ішінде Надя өзінің еңбексүйгіш, талапты механизатор екенін таныта білді. Ол тәжірибелі механизаторлардан үйрене жүріп, техника қуатын толық пайдаланудың қыры мен сырына қанықты.

Надя Крайникова биыл жаз бойы Зырян ауданының «Никольский» совхозында жемшөп дайындауда істеді. Бұл істе күндік, апталық, айлық тапсырмаларын үнемі 200 процентке дейін орындап отырды. Астық үшін күрестегі жауапты науқан — алтын орақ басталысымен ол ұсақталған сабанды мал базаларына жеткізумен шұғылданды. Бұл жұмыста да үлгілі ісімен көзге түсті. Бұл күндері ол фермаларға мал азығын тасып жүр.

СУРЕТТЕ: Н. Крайникова.
Суретті түсірген А. Праксин.

# ЕҢБЕК ЗЕЙНЕТІ

Торқалы той үстінде армансыз ақтарылып, адамдарға ақ тілек білдіргенге не жетсін. Мен кейде құрбы-құрдастарыма, арттағы сіңлілеріме таңданамын. Неге талапқа сай техниканы меңгеріп, алып тракторларды, комбайндарды ауыздықтамасқа?! Оған мүмкіндік те мол. Үлгі болар адамдар да жеткілікті.

Әрине, түрлі техникамен етене табысып, еселі еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер аз емес. Әйтсе де, олардың қатары толысып, күннен-күнге саны көбейіп отырса құба-құп.

Осы орайда тындырғаным көп болмаса да өз ісімді, өзім сүйген мамандықты қалай меңгергенімді айтып берсем деймін.

Мен электрмен дәнекерлегішпін. Бұл мамандықта істей бастағаныма да, міне, тоғыз жыл толыпты. Алғашында қиындық та кездеспей қалған жоқ. Менің атқарған жұмыстарыма сенімсіздене қарап, күдік білдірушілер де табылды. Әсіресе, жігіттер жағы жатырқап, шүбәланып жүрді.

Бірақ, намысты қолдан бермей, тапсырылған жұмыстарды бар ықта-зейінмен, ұқыпты орындауға тырыстым. Оның үстіне өзім қалап алған мамандық болған соң қалай ынталана істемессің.

Ақыры ел сенімінен шығып, қолым да жаттықты. Өз ісіме әбден машықтанып кез-келген жағдайда дәнекерлей алатын дәрежеге жеттім.

Міне, содан бері осы «Қарабұлақ» совхозының шеберханасында электрмен дәнекерлегіш болып жұмыс істеп келемін. Ауыл шаруашылығына қажетті техниканы жөндеуге үзбей қатысып отырамын. Әрбір науқандық жұмыстар кезінде механизаторлар мен жүргізушілердің, комбайншылардың жанынан табылып, олардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне көмектесемін. Сондықтан да өзімді кейде техниканың «жедел жәрдемі» секілді сезінемін.

Әрине, еңбегім де елеусіз қалған жоқ. Кеудеме «Құрмет Белгісі» орденін қададым. Ауылдастарым маған үлкен сенім артып, аудандық Советке депутат етіп сайлады.

Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып отыруды абыройлы міндетім деп білемін. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде коммунистердің аудандық пленумдары мен басқа да бас қосуларына үзбей қатысып отырамын.

Ертеңгі болатын ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің мерекесі үстінде алдыма жаңа мақсат қоямын. Ол—өзімнің қарапайым еңбегіммен ел сенімін ақтау.

М. ТЕМІРЖАНОВА,
электрмен дәнекерлеуші.
Зайсан ауданы.

35. Женщине называться главным чабаном – это и честь, и долг, 17 октября

...СТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕ...
...ШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫ...
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ЖҰМА, 17 октябрь 1975 жыл.

# СЫНАЛАР ШАҚ АЛДА

Әйел адамға аға шопан атану әрі абырой, әрі ауыр міндет жүктейді. Бұл жұмыс ер-азаматша еңбек ете білуді талап етеді. Сонымен бірге менің Ана деген атым бар. Қабырғасы қатайып, бөлдері бекімеген, әлі жас жеті баланы тәрбиелеп, өсіріп отырмын. Ауыр міндет жүктелген дегенімнің сыры осы.

Әйтсе де, жұбайым Нұрсадық Мұқажанов екеуміз көп жылдан бері қой төлдетіп, қозы өсіріп келеміз. Ол Еңбек Қызыл Ту орденінің кавалері, менің ең сенімді, белді көмекшім.

Қазіргі уақытта қарамағымдағы 635 саулықты қыста төлдету мақсатымен күйекке түсірудемін. Қойлардың күтімі жақсы, жоғары қоңдылықта. Науқанның дер кезінде, әрі сапалы өтуіне толық негіз бар.

Саулықтар алдағы қыста жетінші рет төл бермекші. Сондықтан күз басында отарды мұқият іріктеп, өткен төлдеуден көзге түскен жарамсыз ауру қойларды бөлектедік. Ендігі мақсат, күйек алу науқанын сапалы аяқтап, саулықтардың күтімін күшейту болып отыр. Өткен қытымыр қыс біраз нәрсені ескертіп кеткендей. Сондықтан мал қыстатуға барынша әзірлік жұмыстарын жүргізу үстіндеміз.

Жуырда мен коммунист ретінде совхоз партия комитетінің есеп беру-сайлау жиналысына қатыстым. Жиналыста коммунистер алда тұрған келелі міндеттерді кеңінен сөз етті. Әсіресе, таяуда партиямыздың Орталық Комитеті қабылдаған «КПСС XXV съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс туралы» қаулысы басты назарға алынды. Партия қаулысының қарқынды қимылға қаршынды қадам болғаны даусыз.

Мен бесжылдықтың соңғы жылы әр жүз саулықтан 150-ден қозы алып, табысты қорытындыладым. Алдағы бесжылдықтың алғашқы жылдарынан-ақ айтарлықтай көрсеткішке ие болу үшін мен байырғы бәсекелестерім, ағайынды Көкенай мен Зуха Мұқатаевтарды тағы да социалистік жарысқа шақырып отырмын.

Сыналар, сынға түсер сәттер әлі де алда.

Н. МҰҚАЖАНОВА,
аға шопан.



# МӘДЕНИ ҚЫЗМЕ...

МАЛШЫЛАР арасында кең қанат жайған өзара социалистік жарысты, озаттардың іс-тәжірибелерін совхоз еңбеккерлері арасында үнемі насихаттап, үлгі етіп отыру оларға көрсетілетін мәдени, саяси-үгіт жұмыстарының маңызды бір бөлегі болмақ. Осы жұмыстардың үзбей, уақыт талабына сай жүргізіліп отыруы тек жарыстың жариялылығы емес, оның пәрменділігін де арттырып отырары сөзсіз.

Жуықта біз «Озаттардан үлгі алайық» деген атпен шопандар арасында лекция кешін өткіздік. Кештің жақсы өтуіне бөлімше клуб меңгерушісі Елизавета Ибраева мен алты адамнан құрылған актив мүшелері үлкен көмек жасады. Кешке арнап жасалған стендтер мен плакаттарда өзара социалистік жарысқа түскен атақты шопандарымыз Т. Әбілқасымов, Н. Мұқажанова, ағайынды Зуха және

36. На страже здоровья, 11 ноября

№ 223 (9698).

СЕЙСЕНБІ

11

НОЯБРЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын

# ДЕНСАУЛЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

КПСС XXIV съезінің алға қойған басты мақсаттарының бірі — халыққа медициналық қызмет көрсету ісін одан сайын дамыта беру болатын. Міне осы орайда тоғызыншы бесжылдық біздің ауданның денсаулық сақтау мекемелері үшін жемісті жылдар болды. Өткен мерзім ішінде аудандық аурухана 100-ден 165 төсекке дейін кеңейтілді. Бұған қосымша оның жанынан тағы да бір қосымша корпус салу жұмысы аяқталды. Ауданда дәрігерлік қамтуға қажетті басқа да құрылыстар салынып, пайдалануға берілді. Мысалға, Өрел, Белое селоларында учаскелік аурухананы, Аршаты ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пунктті айтуға болады. Оның үстіне, Жамбыл және Язевка селоларындағы фельдшерлік пункттер арнайы жаңадан салынған үйлерге көшірілді.

Бесжылдықтың өткен мерзімі ішінде дәрігерлік орындардың кадрлармен қамтамасыз етілуі едәуір жақсарды. Ауданымызда бесжылтың алғашқы жылдарында жоғары білімді 10-12 ғана дәрігер болса, бұл күнде олардың саны 20-ға жетті. Атап айтқанда, қазір аудандық ауруханада төрт педиатор, екі терапевт, екі хирург, екі гинеколог қызмет істейді. Барлық учаскелік ауруханалар мен фельдшерлік пункттер бұл күндері тәжірибелі мамандармен толық қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, медицина мекемелерін қажетті дәрі-дәрмектермен, күрделі құрал-жабдықтармен қамту ісі де жылдан жылға жақсарып келеді. Ауруханалардың бәрінде физио-терапевтік кабинеттер жұмыс істейді.

Аудан орталығындағы медицина қызметкерлері ауыл-селолардағы өз әріптестерімен үнемі тығыз байланыста. Олар ауыл шаруашылығының науқандық жұмыстары кезінде жергілікті денсаулық сақтау орындарының кызметкерлерімен бірлесе отырып, жұмыс жоспарын жасайды. Арнайы бригада ұйымдастырылып, мал қыстақтары мен дала қостарын, бригадаларды аралайды. Еңбекшілерге түрлі тақырыптарда лекция оқып, жұқпалы аурулардан алдын ала сақтанудың жолдары туралы ақыл-кеңестер береді. Шопандар мен механизаторларды мезгіл-мезгіл дәрігерлік тексеруден өткізіп тұрады.

Халыққа дәрігерлік қызмет көрсету саласында В. З. Вывальнюк басқаратын Печи селосындағы учаскелік аурухана жақсы жұмыс істеп келеді. Бізде өнегелі еңбегімен жұртшылық құрметіне ие болып жүрген денсаулық сақшылары көптеп саналады. Мәселен, О. Ляпунова, Р. Қазақбаева, Қ. Сегізбаева сияқты тәжірибелі мамандарымыздың есімдерін ерекше атап айтқан жөн. Сондай-ақ Ж. Жанұзақова, В. Луценко сияқты жас дәрігерлер мен Б. Шәмшиева, О. Шәкірова сияқты жас фельдшерлер де жұртшылық құрметіне бөленіп жүргендер.

Иә, тоғызыншы бесжылдықта Катонқарағай ауданында еңбекшілердің денсаулығын жақсартуға бағытталған көптеген жұмыстар атқарылды. Бірақ бұлар дәрігерлік қамтудағы қол жеткен жетістіктердің шегі емес. Әлі де аудандағы дәрігерлік қамту жақсара береді. Мәселен, таяудағы жылдарда аудан орталығында 240 төсектік аурухана, санитарлық-эпидемиялық станция мен аптека салынып, пайдалануға беріледі. Медведка, Чернова, Коробиха селоларында жаңадан амбулаториялар ашылады. Кейбір селоларда жаңа фельдшерлік пункттер жұмыс істейтін болады. Алдағы бесжылдықта аудан жұртшылығы түгелдей диспансерлік бақылауға алынады.

Бұлардың бәрі аудан еңбекшілерінің денсаулығын сақтауды бұрынғыдан да жақсарта түседі. Олардың сәулетті болашақ жолында алаңсыз жұмыс істеуіне толық жағдайлар туады.

**И. ФУРСЕВИЧ,**

**Катонқарағай аудандық ауруханасының бас дәрігері.**

37. Пришедшая шесть лет назад на фабрику «Рассвет» учеником Зоя Бакиева, сейчас находится в рядах примерных портних, 18 ноября

АЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
ҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕЙСЕНБІ, 18 ноябрь 1975 жыл.

# ...ТҚА ҚОЛ ҚОЮ ПРАВОСЫ ҮШІН ...КІМ ЖЕҢІП АЛАДЫ?

КПСС XXV СЪЕЗІ

Осыдан алты жыл бұрын «Рассвет» тігін фабрикасына үйренуші болып орналасқан Зоя Бақиева қазір үлгілі тігіншілердің қатарына қосылып отыр. Ол түрлі үлгідегі көйлектерді тігуде аса шеберлік көрсетіп, еңбектестері арасында құрметке бөленіп жүр. Жас тігінші партияның XXV съезі құрметіндегі социалистік жарысқа қосылып, озаттар қатарында еңбек вахтасын абыроймен атқаруда.

СУРЕТТЕ: өндіріс озаты З. Бақиева.

Суретті түсірген

**А. Праксин.**



## ҰЙҒАРЫМ

Лениногор полиметалл комбинаты байыту фабрикасының В. Суязов басқаратын бөлімшесінің коллективі кәсіпорында алғашқылардың бірі болып бесжылдық жоспарын орындап шыққан еді. Ұйымшыл коллектив КПСС XXV съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы жарыстың инициаторы болды. Олар съезд ашылатын күнге дейін жоспардан тыс мыңдаған тонна руда өңдеуді ұйғарды. Бригада мүшелері сульфит кенін ...

## ӘР КҮН ЕКПІНДІ

КПСС XXIV съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, тоғызыншы бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауда облыстық сүт комбинатының коллективі ірі табысқа жетті. ...

Лениногор қалалық сүт заводы бесжылдыққа қабылданған жоспарын 25 октябрьде, Предгорный май заводы 16 сентябрьде, Зырян сүт заводы 20 ноябрьде, Большенарым май заводы бірінші октябрьде орындады. ...

түсіп, жарысқа ұйтқы бола білді.

Мәселен, предгорныйлық Социалистік Еңбек Ері В. Дорош басқаратын май жасаушылар, лениногорлық А. Мирошниченко басқаратын балмұздақ жасаушылар тек сапалы өнім өндірді. Большенарымдық В. Рау басқаратын бригада тоғыз айда жылдық жоспарды орындап шықты. ...

38. Медицинскому училищу 40 лет, 20 ноября

№ 230 (9705).

БЕЙСЕНБІ

20

НОЯБРЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын



# [МЕ]ДИЦИНАЛЫҚ УЧИЛИЩЕСІНЕ 40 ЖЫЛ



Училищенің оқу-тәрбие ісін жетілдіруде ұзақ жылдар бойы қажырлы еңбек етіп келе жатқан Д. М. Исембаева, Е. Н. Феклистова, А. И Огнев сияқты оқытушылар көптеп саналады. Солардың бірі — осы училищенің бұрынғы түлегі **Нұржәмила Жылтыхаева** (жоғарғы суретте). Талантты жас өзі түлеп ұшқан ұяға 1960 жылы медициналық институтты бітірген соң қайтып оралып, еңбек жолын осында бастады. Тәжірибелі дәрігер-педиатр бұл күнде «Денсаулық ісінің үздігі» деген құрметті атаққа ие.

ТӨМЕНГІ СУРЕТТЕ: оқытушы **Д. М. Исембаева** училище оқушыларымен сабақ үстінде.



## Шын жүректен

Өскемен қаласындағы медициналық училищені 1955 жылы бітіріп шықтым. Содан бері Зайсан ауданының «Кендірлік» совхозында фельдшер болып істеймін. Әрине, о баста қиындықтар да кездеспей қойған жоқ. Әсіресе, алыс мал жайылым учаскелерін салт атпен аралаған күндер, сірә, естен кетпейді.

Қайда барсам да малшылар қауымы зор құрметпен қарсы алады. Мен шопандар мен бақташылар семьясында болғанда оларға медициналық көмек көрсетумен қатар тазалық сақтау жақында әңгімелер өткізіп тұруды естен шығармаймын.

Міне, ұшқан ұяның алтын босағасын аттағалы жиырма жыл өтіпті. Мен сол бір жылдарда өзіме білім берген ұстаздарымды бүгінгі торқалы той күнімен құттықтай отырып, олардың бұдан былай да жемісті қызмет етуіне шын жүректен тілектестік білдіремін.

**Г. ЗӘКИЕВА,**
фельдшер.
Зайсан ауданы.

## ҚҰРЫЛ[...]
## ҚАРҚЫН[...]

Облыстың құрылыс-монтаж ұйымдары мен заказ беруші кәсіпорындары өткен тоғыз айда 110 миллион сомның өндірістік және өндірістік емес объектілерін іске қосты. Осы уақыт ішінде қаржыландырудың барлық көздері бойынша 217 миллион сом күрделі қаржы, соның ішінде өнеркәсіп құрылысында 172,6 миллион сом қаржы игерілді. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда игерілген күрделі қаржының көлемі 6 процент өсті. Ал, өндіріс объектілері бойынша бұл көрсеткіш 15 процент артты. Тоғызыншы бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау және КПСС XXV съезіне лайықты тарту әзірлеу жолында күресе отырып, 25 құрылыс-монтаж ұйымы мен кәсіпорны қазірдің өзінде бесжылдық жоспарларын орындап, оныншы бесжылдық есебіне еңбек етуде.

Өскемен цемент заводының ынтымақты коллективі алдыңғы қатарда келеді. Завод октябрь айында бесжылдықты мерзімінен бұрын орындады. Бұл кәсіпорын үстіміздегі жылы жоспарға қосымша 915 мың сом[...] ның өнімін шығарып өткізд[...] соның ішінде 32 мың тонн[...] жоғары маркалы цемент тұты[...]нушыларға жіберілді.

«Казлес» өндірістік бірлест[...]гі жыл басынан бері 872 мы[...] сомның ағаш өнімдерін дая[...]лап, өткізді.

Дегенмен, күрделі құрыл[...] программасының жалпы о[...] не қарамастан үстіміздегі жы[...]ға белгіленген құрылыс жо[...]пары орындалмай отыр. Он [...] ішінде облыс бойынша жы[...]дық жоспардың 36 процен[...]

Трестер:

«Алтайсвинецстрой»
«Лениногорсвинец-строй»
«Зыряновстрой»
«Химстрой»
«Востокказсельстрой»

ЖЕМІСТІ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН

39. В Зайсанском районе становится традицией привлекать на работу в животноводстве молодых комсомольцев, 27 ноября



...СТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
...ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
...ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

БЕЙСЕНБІ, 27 ноябрь 1975 жыл.

...ЕМЛЬДЕ...



Зайсан ауданында комсомолец-жастар мал шаруашылығына барып, еңбек ету әдетке айналып келеді. «Қаратал» совхозындағы «Қызғалдақ» комсомолец-жастардың сауыншылар бригадасы нәтижелі еңбек етуде. Бұлар съезд қарсаңындағы еңбек вахтасында күндік тапсырмаларын асыра орындауда.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Г. Шәкірова, С. Мұлікова, Г. Бітімбаева, М. Сәрсекенова, М. Дәулетбекова.

Суретті түсірген З. Мусин.

Игі іске үлес қосуда

науқаны қызу жүргізіліп жатыр. Бұл жауапты іске комсомолец-жастардың қосар...

40. Врач с исцеляющими руками, 28 ноября


№ 236 (9711).

ЖҰМА

28

НОЯБРЬ

1975 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын


«Қолы шипалы дәрігер». Зайсан қаласының тұрғындары Қазима Ихсанқызы Бақтыбаева женінде осылай дейді. Алматы қаласындағы медициналық институтты бітірген ол өзінің туған қаласына жолдама алған еді. Міне, содан бері Қазиманың дәрігер-гинеколог болып істегеніне 17 жыл болды. Қ. Бақтыбаеваның аудандық Советтің депутаты ретінде белсене араласуымен 275 төсектік аурухана және емхана салынды. Олар қазіргі заманғы аппаратурамен жабдықталған.

**Жоғарғы суретте:** Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер, Еңбек Қызыл Ту орденінің кавалері дәрігер **Қазима Ихсанқызы Бақтыбаева.**

**Төменгі суретте:** аудандық аурухананың хирургиялық бөлмесінде кезекті операцияға әзірлік жүріп жатыр.

Суреттерді түсірген **Г. Гельфанд.**

41. Библиотекарь, 9 декабря

ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ МЕН ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕЙСЕНБІ, 9 декабрь 1975 жыл.

# КІТАПХАНАШЫ



Оқу залында отыздан аса студент отыр. Әр қайсысының алдында кітап, қағаз, қарындаш. Бірі кезекті емтиханға дайындалса, екіншісі алдындағы оқулықтарға үңіле әлденелерді асығыс дәптеріне жазып жатыр. Тек кіре беріс есіктің оң жақ шетіндегі столда отырған жас қыз ғана жан-жағындағыларға жалтақтай қарап, әлде кімнен көмек күткендей абыржи түсуде. Құрбысының бұл жайын тез түсінген Галя:

— Қай есептің шешімін таба алмай қиналып отырсың? — деді Зоя Фроловаға.

— Ә, кешегі есепті айтасың ба? Оны шығардым ғой. Мені қинап отырған басқа жай. Электр желісінің заңдылықтары жөнінде бақылау жұмысын жазбақ едім. Қажетті оқулықтарды таба алмадым, — деп кейістік білдірді.

— Оған қынжылатын не бар. Осындағы кітапханашы Ғафура Жәмеловнаға жолығып, жағдайыңды айтсаң қазір-ақ тауып береді, — деді.

Техникумның бірінші курсында сырттай оқып жүрген Галя Иванова құрбысының кеңесіне іштей алғыс айтты да сәлден соң кітапханашы Ғафура Жәмелқызы Мақановаға жолықты...

Ол ертеңінде-ақ қалаған оқулықтарын алып, кітапханашы қызметіне дән разы болды.

Иә, Ғафура апай Өскеменнің индустриалды техникумында кітапханашы болып істеген 18 жылдың ішінде көптеген студенттердің алғысына бөленді. Ол техникум кітапханасында жоқ оқулықтар мен ғылми-еңбектерді қаламыздағы, қала берді басқа жерлердегі оқу орындарынан сұратып алдырады. Әр екі айда бір кітап оқушылар конференциясы мен студенттер арасында түрлі мәдени кештер өткізу дәстүрге айналған. Бұл игі істі ол кітапхана советінің, активистердің көмегіне сүйене жүргізеді. Қазір техникумдағы әр екінші студент кітапхананың тұрақты оқушысы.

Ұзақ жылғы еңбек бағаланбай қалған жоқ. Ол кітапхана қызметін жақсартуда қол жеткен табыстары үшін бірнеше медальдармен, мақтау грамоталарымен наградталды.

Ғафура апай жақында 55 жасқа толды. Бірақ ол өзін әлі тың сезінеді. Оның бұдан былай да кітапхана жұмысын тыңғылықты жолға қойып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатындығына сенім зор.

Б. СМАҒҰЛОВ.

Өскемен.

43. Находящиеся на почетной вахте XXV Съезда КПСС продавцы ЦУМа г. Усть-Каменогорска в итоговом году хорошо справились со своими обязанностями, 23 декабря


ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
ҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕЙСЕНБІ, 23 декабрь, 1975 жыл.


...СЪЕЗІНЕ

КПСС XXV съезі құрметіне вахтаға тұрған Өскемен қаласындағы орталық универсалды магазиннің көптеген сатушылары қорытындылаушы жылы қабылдаған міндеттемелерін ойдағыдай орындап шықты.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай )озат сатушылар **Сәтима Әкімбаева, Рахия Орманшина, Света Волкова** және **Галя Деменина.**

Суретті түсірген
**А. Праксин.**



# Кітапханашы Сақыпжамал

Редактор О. ҚАЙСАНОВ.

44. Библиотекарь Сакыпжамал, 23 декабря



ҚАЗАҚСТАН КП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЫҚ, ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ
ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

СЕЙСЕНБІ, 23 декабрь, 1975 жыл.

...Y СЪЕЗІНЕ



# Кітапханашы Сақыпжамал

Қаламызда еңбекшілердің, оқушылар мен студенттердің рухани талап-тілектерін ойдағыдай өтеп келе жатқан мәдениет ошақтары аз емес. Солардың бірі — Өскемен педагогикалық институтының кітапханасы. Қазір мұнда төрт жүз мыңнан аса түрлі саяси, ғылыми және көркем әдеби туындылар бар. Олардың барлығы да рет-ретімен сөрелерге жиналып, әрқайсысына картотека жазылған.

Қай уақытта келсеңіз де кітапханашы Сақыпжамал Уәлиева студенттер мен оқытушыларға қалтқысыз қызмет етіп, көп көңілінен шығуда.

— Күн сайын орта есеппен 600-ден аса адам кітапхана қызметін пайдаланады. Көпшілігі студенттер. Сондықтан уақытты мейлінше тиімді пайдалану үшін кейде олардан алдын-ала заявка алып отырамын, — дейді бізбен әңгімелескенде Сақыпжамал.

Кітапхана жұмысын осылай ұйымдастыру тиімді тәсіл екендігін өмір көрсетті. Бұл күндері мұндағы тұрақты оқушылар саны бес мыңнан асты. Әрине, Сақыпжамал оқырмандарға тек кітаптарды таратып берумен шектелмейді. Ол кітапхана активистерінің көмегіне сүйене отырып, түрлі мәдени шараларды да жүзеге асыруға көңіл бөледі. Әр тоқсан сайын оқушылар конференциясын өткізіп тұру тыңғылықты жолға қойылған.

Қазір Өскемен педагогикалық институтында бір мыңнан аса адам сырттай оқиды. Олардың көпшілігі кітапханашы Сақыпжамал Уәлиевамен тығыз байланыс жасап, өздеріне қажетті оқу құралдарын, түрлі методикалық кітаптарды алып отырады. Егер кітапханада жоқ болса, Сақыпжамал оларды басқа оқу орындарынан сұратады.

Міне, соңғы бір жылда ғана осындай ұйымдастыру жолымен бір мыңнан аса кітап сырттай оқушыларға жіберілді. Әрине, бұл тек айтарға ғана жеңіл. Ал, іс жүзінде оның қиыншылығы аз емес.

Сақыпжамал жайында оның әріптестері Людмила Бородостова, Бибінұр Баянова әрқашан жылы лебіз білдіреді. Олардың бірі үлгілі кітапханашыны тынымсыз жан десе, екіншісі өз ісінің шебері, — дейді. Бұлардың қайсысы болса да оған берілген әділ баға.

Игі еңбек ескерусіз қалған жоқ. Кітапхана қызметін жақсартқаны үшін ол ректораттан және қалалық мәдениет бөлімінен бірнеше алғыс алды. Оның бұдан былай да өз қызметін ойдағыдай атқарып, студенттер мен оқытушылар қауымының құрметіне бөленері сөзсіз.

Б. ДӘКЕРОВ.

Өскемен.

## АЛҒЫС АЙТАМЫН

Жақында қатты сырқаттанып ауруханаға түстім. О бас...